

Shet shugylyasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-saiasi gazetі Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady beisenbi, 12 tamyz 2021 jyl №32 (10 860)



XXXI жазғы олимпиада

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ:

КЕЛЕСІ ОЙЫНДАРДА ҮМІТТИ АҚТАЙТЫН НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ КЕРЕК

Токиода өткен жазғы XXXI олимпиада Қазақстан үшін нәтижесіз деп айта алмаймыз. Дегенмен, бұдан бұрынғы Сидней, Рио, Бейжіңде өткен олимпиадаларда Қазақстанның ұлттық құрамасы 22-24 орындарды кезек алмастырып, жақсы нәтижемен көрініп келген. Бұл жолы 8 қоламен 83-ші орынға бірақ сырғыдық. Еліміздің құрамасы әсіресе Риода өткен бәсекеде ең көп медаль алғаны есте. Сол жылы спортшыларымыз 3 алтын, 5 күміс, 10 қола медаль алып, 22 орынды иемденген.

Биылғы өткен олимпиада ойындарында спортшыларымыз үмітті ақтап алмады деуден аулақпыз, 8 қола медальдің өзі әр саладағы спортшыларымыздың жақсы дайындықпен барғанын, жеңіске деген жігерлерін көрсетті.

Осыған орай, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құраманың Токиодағы 2020 жылғы Олимпиада ойындарында өнер көрсетуіне байланысты өз пікірін білдірді. Мемлекет басшысы Олимпиада жүлдегерлерін құттықтап, қорытынды нәтиже еліміздің спорттық әлеуетіне және спортты дамытуға бөлінген қаражатқа сәйкес келмейтінін ашып айтты.

Ұлттық құраманың Олимпиададағы көрсеткіші спорт секілді аса маңызды салада шұғыл әрі тиімді реформалар жүргізу қажеттігін көрсетті. Бұқаралық және балалар спортын дамытуға көңіл бөліп, сол арқылы әлемдік аренада үлкен табыстарға қол жеткізуге ұмтылудың қажеттігін атап өтті Президент. Токиодағы Олимпиада ойындарына Қазақстаннан 93 спортшы қатысты. Жеңіске деген ерік-жігер мен шеберлікті көрсеткен спортшыларға алғыс айтамын. Олимпиаданың қола жүлдегерлерін құттықтаймын, бұл олардың көп күндік қажырлы жаттығуларының әсерлі нәтижесі. Алайда, ұлттық команданың қорытынды нәтижесі 8 қола медаль және жалпы командалық есепте 83-ші орын - бұл Қазақстанның спорттық әлеуетіне және мемлекеттің спортты дамытуға жұмсайтын қомақты қаражатына сәйкес келмейтінін айтты.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Токиодағы Олимпиададан сабақ алып, Париждегі келесі ойындарда адамдардың үмітін ақтайтын нәтижелерге қол жеткізу керектігін атап өтті.

Токио олимпиадасына барып ел намысын қорғаған спортшыларымызға жер-жерлерде қолдау

көрсетілуде. Түркістандық азаматтар боксшы Сәкен Бибосыновқа көлік сыйласа, басқа да спортшыларға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуде.

Осы байрақты бәсекеге жерлесіміз Жансай Смағұловтың барып қатысқаны бізге, аудан тұрғындары үшін үлкен мәртебе. Жансайдың алар асуы әлі алда. Жансайдың бапкері Қанжанов Қайдардың жеңіс тұғырынан көрініп, ел намысын қорғап жүрген талай палуандарды дайындағандығын жақсы білеміз. Спортшыларымыздың осы олимпиадаға барып-қайтуына аудан әкімі М.Мұхтаров, "Алмалы" кәсіпорны қолдау көрсеткендігін де айта кеткеніміз жөн.

Айта кетейік, Токио-2020 олимпиадасында боксшылар Сәкен Бибосынов пен Қамшыбек Қоңқабаев, ауыр атлеттер Игорь Сон мен Зульфия Чиншанло, каратистілер Дархан Есадилов пен Софья Берульцева, дзюдошы Елдос Сметов және еркін күрестен Нұрислам Санаев қола жүлдегер атанды.

Г.АХМЕТОВА,
ҚР Мәдениет қайраткері.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Тәуелсіздіктің құқықтық негіздері

ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МЕН САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

тәуелсіз, құқықтық, демократиялық мемлекет құрып, әлемдік қауымдастықта лайықты орын алды.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылында біздің еліміз өмірдің көптеген салаларында қазақстандық жаңа қоғамды құру жолында елеулі табыстарға жетті. Бұл еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму саласындағы тамаша жетістіктерімен қатар, оның әлеуметтілігін көрсетеді.

Сонымен қатар, біз еліміздің бірлігін күшейтіп, азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ете алдық.

Біздің елімізде азаматтардың құқығы мен еркіндігін іске асыруға, үкіметтік емес ұйымдардың, саяси партиялар мен ұлттық бірлестіктердің қызмет істеуі, сонымен қатар, еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен бірлігі осының бәрі сайып келгенде Тәуелсіздіктің құқықтық негіздері басшылыққа алынып, іске асты.

Б.ІЛИЯСОВ,
аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы.

Көлік саласы қызметкерлерінің күнімен!



Құрметті көлік саласының қызметкерлері мен ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз Көлік саласы қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Қалыптасқан дәстүрге сай теміржолшылар мен автокөлік қызметкерлері тамыз айының алғашқы жексенбісінде өздерінің кәсіби мерекесін атап өтеді. Көлік жүйесі экономиканың күре тамыры болып табылады. Оның ішінде әсіресе, теміржол саласының рөлі ерекше. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаев бұл жөнінде «Қазақ темір жолының даңқты бір ғасырлық тарихы мен дәстүрі - ел экономикасының сенімді, әрі берік іргетасы. Қазақстан экономикасының өсіміне теміржолшылардың қосқан үлесі орасан зор. Себебі жүк тасымалы болмаса, сауда-саттық болмайды. Барлық жолаушы және жүк тасымалының ішінде ең үлкен үлес темір жол саласына тиесілі» деп атап өткен болатын. Бүгінде болат жолдың бойында ауданымыздың Ақадыр, Мойынты, Дәрия, С.Сейфуллин кенттері мен Киікті, Босаға ауылдарының тұрғындары жемісті еңбек етіп, аудан экономикасының дамуына өз үлестерін қосып келеді.

Қайнаған тірлік күре жолдардың бойында екені белгілі. Біздің ауданымыздың үстімен 300 шақырым теміржол, 866 шақырым республикалық, облыстық маңызы бар автокөлік жолдары өтеді. Аудан халқына жолаушылар тасымалын атқаратын ондаған маршруттағы автобустар мен жеңіл көліктер халыққа қалтқысыз қызмет көрсетуде. Көптеген азаматтарымыз республикалық маңызы бар трассалар мен жолдардың игілігін көріп, кәсіптерін жүргізіп отыр. Ауданымыздың аумағымен өтетін республикалық маңызға ие «Қарағанды-Балқаш» аралығындағы жол қайта салынууда. Онда ауданымыздың көптеген азаматтары еңбек етуде.

Қымбатты көлік қызметкерлері мен ардагерлері!

Баршанызды осынау мерекелеріңізбен құттықтай отырып, Сіздерге және отбастарыңызға зор денсаулық, қуаныш пен бақыт, еңбектеріңізге табыс тілейміз!

М.МҰХТАРОВ,
аудан әкімі.

Б.ТӨЛЕУҚҰЛОВ,
мәслихат хатшысы.

15 тамыз - Спорт күні

Құрметті аудан спортшылары! Қадірлі спорт саласының ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз - Спорт күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл - денсаулық, күш-жігер, шыдамдылық, серектік мерекесі. "Тәні саудың - жаны сау" деп тегін айтылмаса керек. Саламатты өмір салты, дене шынықтыру мен спортты дамыту «Қазақстан-2030» Стратегиясының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Спорт - елдің мерейін асырып, абыройын тасытатын сала. Токио олимпиадасын қорытындылаған Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жуырда ғана аяқталған олимпиада жүлдегерлерін құттықтай отырып, спорт секілді аса маңызды салада шұғыл әрі тиімді реформалар жүргізу қажеттігін атап көрсеткен болатын. Мемлекетіміз ел халқының ойы сергек, дені сау болуы үшін қолда бар мүмкіндіктің бәрін жасауда. Алдағы уақытта да бұл салаға ерекше маңыз беріліп, мемлекетіміздің стратегиялық басым бағыттарының бірі бола бермек.

Спортшылардың шеберлігі мен кәсіби деңгейін жоғарылату мақсатында аудан спортшылары республикалық, облыстық біріншіліктерге тұрақты қатысуда. Сондықтан да бұқаралық спорт әрбір адамның өміріне етене серік болады деп және Сіздер келешекте де аудан намысын биікке көтереді деп сенеміз.

Құрметті спортшылар мен спорт мамандары!

Сіздерді тағы да кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, мықты денсаулық, отбасылық бақыт және жаңа спорт белестерін бағындырудағы жетістіктеріңіздің биіктей беруіне, тың табыстарға жете берулеріңізге тілектестік білдіреміз.

М.МҰХТАРОВ,
аудан әкімі.

Б.ТӨЛЕУҚҰЛОВ,
мәслихат хатшысы.

Құрметті құрылысшылар!

Тамыз айының екінші жексенбісінде елімізде Құрылысшы күні атап өтіледі.

Барлықтарыңызға белгілі, кейінгі жылдары еліміз үлкен құрылыс алаңына айналды. Ауданымыздағы құрылысшылардың қолымен көптеген тұрғын үйлер салынып, пайдалануға берілді, елді мекендердегі ішкі көше жолдары жөнделуде, сонымен қатар, жеке азаматтар өз қаражаттарына үй салуда. Осының бәрі екінші жыл қатарынан әлемдегі іңдеттің таралуынан орын алған дағдарыстарға қарамастан еліміздегі экономиканың тұрақты дамуын көрсетеді.

Құрметті құрылысшылар және осы саланың қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздердің жасампаз еңбектеріңіз үшін елдің ризашылығы мен алғыс сезімін қабыл алыңыздар.

Сіздерге зор денсаулық, бақытты өмір, жемісті еңбек тілейміз!

М.МҰХТАРОВ,
аудан әкімі.

Б.ТӨЛЕУҚҰЛОВ,
мәслихат хатшысы.

Лудан әкімі орынбасарының іс сапары

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Жуырда аудан әкімінің орынбасары Д.Карсембаев аудан басшысының тапсырмасына сәйкес, Ақадыр кенті мен Өспен ауылдық округіне қарасты Айсәуір елді мекенінде арнайы іс сапармен болып қайтты.

Сапар барысында Ақадыр кентіндегі көп қабатты тұрғын үйлердің модульді от қазандықтарының жылу беру маусымына дайындығымен танысып, от қазандықтарын сенімгерлік басқаруға алған кәсіпкерлермен (елдегі карантин талаптарын сақтай отыра) кездесу өткізді. Кездесуге аудан және кент әкімдігінің тиісті басшылық құрамы қатысты.

Сондай-ақ, Ақадыр кентінде салынып жатқан көріз жүйесі және “М.Мәметова”, “С.Мәдиев”, “Жұмысшылар” көшелеріндегі жол жөндеу құрылыс жұмыстарының жүру барысын көрді. Мұнан соң, Дәурен Құралұлы кент әкіміне тазалық, көшелерге баннер ілу жұмыстарын жандандырып,

бағымсыз мал иелерімен заң аясында жұмыс жүргізуді тап-

Аудан әкімінің орынбасары өз кезегінде көтерілген мәселе-



сырды. Сонымен қатар, Өспен ауылдық округіне қарасты Айсәуір елді мекеніндегі таза ауыз су, жол және жарықтандыру мәселелерімен танысып, алдағы уақытта елді мекенде атқарылуы тиіс жұмыстардың іс-шаралары жасалды.

лерді шешуге барынша күш салатындығын жеткізді.

Өз тілшімізден.

COVID-2019: мезгіл мәселесі

ЕКПЕ АЛУ - ӨМІРІҢІЗДІ САҚТАП ҚАЛУДЫҢ ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ

Қазіргі күн тәртібіндегі ең маңызды тақырып - коронавируспен қарсы вакцина алу екені белгілі.

Өткен ғасырларда халыққа қауіп төндірген түрлі індеттер болғаны мәлім. Осы жайында тарихқа көз жүгіртер болсақ, оба, тырысқақ, сүзек, шешек сынды жұқпалы індеттерді адамзат вакцинаның көмегі арқылы жеңіп шығып, жойылған.

Бұл індеттерден жер бетінде қанша адамның көз жұмғанын ешкім деп басып айта алмайды. Бір анығы, олар мыңдаған емес, миллиондап саналады. Сапырылысқан көші-қонның салдарынан адамзат баласы араға ғасыр салып, тағы бір індетпен бетпе-бет келді. Алайда, әлем болып бұл дертке қарсы вакцина жасалып шыққанша карантин енгізіліп, күрес жүргізілді. Алайда ол еш нәтиже бермеді, көптеген азаматтар осы індеттен көз жұмды.

Бүгінде әлем бойынша коронавируспен қарсы екеп егу қарқынды жүргізілуде. Ауданымызда отандық «QazVac», ресейлік «Спутник V» және «Науат-Вах» екепесін медицина, әкімдік, білім, құқық қорғау

салаларының мемлекеттік жұмыскерлері мен қызметкерлері және басқа да топтар қабылдап үлгерді. Түрлі дақыртқа сеніп, екеп алмай жүрген азаматтар да жетерлік.

Бүгінде жасырып той жасау, басқа да отбасылық шаралар өткізу белең алуда. Арнайы мобильді топтар оларды өшкерелеп жатса да толастайтын түрі жоқ. Тойханадан жан-жаққа бытырап қашып жатқандарды әлеуметтік желілерден көріп “тамашалап та” жатырмыз. Бүгінде вакцина алмағандар, індетке елі күнге сен-

бейтіндер де бар. Әлем елдері індет жұқтырудың күрт өсуімен күресуде, қатаң оқшаулау режимін енгізуде. Бірақ індеттің таралуы тоқтаған жоқ. Осының бөріне азаматтардың санитарлық шараларды сақтамағанымен қатар, вакцина салдырмағаны себеп болып отыр.

Сондықтан да қазір вакцина - аурудың алдын алып, адам өмірін сақтап қалудың жалғыз жолы. Вакцина алу арқылы біз өзімізді ғана емес, айналамыздағы адамдарды да қорғай алу мүмкіндігіміз бар екенін біле жүрейік.

Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздегеніміз абзал!

Өз тілшімізден.



2021 ЖЫЛҒЫ 12 ТАМЫЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН Өңірлеріндегі ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ БАҒАЛАУ МАТРИЦАСЫ

«Қызыл» аймақта: Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары.

«Сары» аймақта: Түркістан облысы.

ҚАЗАҚСТАНДА КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫНА ШАЛДЫҚҚАНДАР ТУРАЛЫ 2021 ЖЫЛҒЫ 12 ТАМЫЗДАҒЫ АҚПАРАТ

12 тамыздағы мәлімет бойынша 113 155 адам коронавируспен инфекциясынан (108 954 КВИ+ және 3 223 КВИ-) емделуде, олардың ішінде 30 769 пациент стационарда, 82386 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабылдауда.

КВИ+, КВИ-шалдыққандардың арасында:

1 849 адамның жағдайы ауыр, 479 пациенттің жағдайы өте ауыр, 215 науқас ӨЖЖ аппаратында жатыр.

COVID-2019: Әлем жаңалықтары

ӘЛЕМ ЕЛДЕРІ ІНДЕТПЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСУДЕ?

Үндістанда бір күнде коронавирустық инфекциядан 500-ге жуық адам қайтыс болды. COVID-19 жұқтырудың тағы 39 070 жағдайы анықталды. КВИ фактілерінің жалпы саны 31 934 455-ке дейін жетті. Осы уақытқа дейін COVID-19 індеті

елде 427 862 адамның өмірін қиды. Қазіргі уақытта Үндістанда ауруханалардың қарқынды терапия палаталарында 406 822 азамат ем қабылдауда. Ауру жұқтырғандардың 43 910-ы сауығып ауруханалардан шығарылды.

Ресейде төулігіне 22 866 жаңа COVID-19 жұқтыру дерегі тіркеліп, 787 адам қайтыс болған. Мұндай мәліметтерді Ресейдің коронавирустық инфекцияның таралуына қарсы жедел штабы жариялады. Ең көп фактілер Мәскеуде (2 761), Санкт-Петербургде (1 907) және Мәскеу облысында (1 527) анықталған. Жалпы, пандемия

басталғаннан бері Ресейде 6 447 750 COVID-19 және 164 881 адам қазасы тіркелген. 18 қаңтардан бастап Ресейде COVID-19-ға қарсы ауқымды вакцинация жүргізілуде.

Қазіргі уақытта елде коронавируспен қарсы төрт вакцина тіркелген: “Спутник V”, “Спутник Light”, “ЭпиВакКорона” және “КовиВак”.

Гваделупа елінде COVID-19 жағдайларының күрт өсуіне байланысты вакцинация қарқынды күшейтуде. Француз аралында жансақтау бөліміне түсіп жатқан науқастардың көптігінен материкке алғашқы медициналық эвакуациялауды

жүзеге асыруға тура келді. Бұл туралы жұмада Гваделупа префектурасы мен аймақтық Денсаулық сақтау агенттігінің бірлескен коммюникесінде айтылды. Елде 4 күнде 4178 жаңа дерек және 4 өлім жағдайы тіркелді.

Австралияның жаңа Оңтүстік Уэльс штаты коронавирустық инфекциялар деңгейінің тағы бір рекордтық өсуі туралы хабарлады. Өткен сенбі күні 319 жағдай тіркеліп, 5 адам қайтыс болған. Оңтүстік Уэльсте жағдайға байланысты Австралияның 3 ірі қаласы бұғатталды. Елдің екінші ірі қаласы болып табылатын Мель-

бурн билігі індеттің таралу көзін табуға тырысуда. Сиднейде оқшаулау режимі жетінші аптаға созылды, бірақ инфекция таралуы тоқтаған жоқ және Денсаулық сақтау министрі Брэд Хазард отандас азаматтардың басым бөлігі санитарлық шараларды сақтамағанына наразылық білдірді.

Бангладеш билігі қатаң оқшаулау режимін ұзартты және апта сайын 10 миллион адамды вакциналау жоспарын жариялады. Ел COVID-19 вирусын жұқтырудың күрт өсуімен күресуде. Вакцинация нау-

қанына ел бойынша медициналық орталықта ондаған мың медицина қызметкері жұмылдырылды. COVAX бастамасы бойынша вакциналар Қытай мен АҚШ-тан жеткізілді.

Израильде көшеде адамдар көп шоғырланған кезде бетперде кию қайтадан міндетті болды. Сонымен қатар, 20 тамыздан бастап мекемелерге кіруге және қатысушылар санына

қарамастан іс-шараларға тек вакцинацияланған, ауырып жазылған немесе коронавируспен теріс тест нәтижесі бар адамдарға қатысуға рұқсат етіледі.

Малайзия Премьер-Министрі вакцинацияланған тұрғындарға шектеулерді ішінара алып тастау туралы жариялады. 10 тамыздан бастап пандемияға байланысты қолайлы жағдай қалыптасқан

Штаттар мен қалаларда ішкі туризмге рұқсат етіледі, кафелер, мейрамханалар келушілерді қабылдай алады, спортпен шұғылдануға да рұқсат етіледі.

Жапония төртінші күн қатарынан коронавирусты жұқтырудың күнделікті көрсеткіші бойынша антирекордын жаңартуда. Елде инфекцияның 15 753 жаңа жағдайы анықталды. Сонымен қатар, Иранда бір күнде

коронавируспен ауыратындардың ең көп саны - 39 619 жағдай анықталды.

COVID-19 таралуына жол бермеу жөніндегі ВАК.

“ҰШАҚТАРДАН ВИРУСТАР ШАШАДЫ” ДЕГЕН ЖАЛҒАН АҚПАРАТТАР ТАРАУДА

Сондай бір ақпараттардың бірі - Алматы мен Заречное ауылының арасында ұшақтардан химикаттар шашудың іздері байқалады деген жалған ақпарат тарауда.

Шын мәнінде, фотосуретте бұлттар мен ұшақтың инверсиялық ізі көрінеді. Инверсиялық із - бұл әдетте шамамен 10 км биіктікте ұшатын ұшақтың қозғалысы кезінде су буынан конденсацияланатын мұз бөлшектері. Ал ұшақтардың вирустарды, уларды, ауыр металл тұздарын және басқа да химикаттарды аспаннан шашатынына ешқандай дәлелдер жоқ. Ұшақтардан химикаттарды шашырату - бұл жалған және негізсіз болып табылатын танымал қастандық теориялардың бірі.

2021 жылғы 11 тамызда Қазақстанда коронавирус инфекциясына қарсы вакцинацияның 1-ші компонентін 5 939 533 адам, 2-ші компонентін 4 563 841 адам салдырды.



12 тамыз - Жастар күні

ЖАСТАР - ЕЛ ЕРТЕҢІ

Еліміздің ергені, болашағы жастардың еншісінде. Алдыңғы толқын аға буынның орнын басып, ізін жалғастырар өсіп келе жатқан жалынды да дарынды жастар екені белгілі. Ел Президенті өзінің әрбір саяси құжаттарында жас ұрпаққа үнемі қажетті көңіл бөліп, үкімет алдына таяу жылдарда жүзеге асуы тиіс үлкен міндеттер қойған болатын. Жастар саясатын іске асырудың негізгі міндеттерінің бірі - жастардың өнегелік және рухани дамуын қалыптастыру, патриотизмге тәрбиелеу, ішкі саяси тұрақтылықты нығайту болып табылады. Бұл орайда көптеген игі бастамалар өз жемісін беріп те жатыр. Қазіргі таңда ең алдымен жастарды баспанамен және жұмыспен қамтамасыз ету, өскелең ұрпақтың білім сапасы мен мәдени, спорттық, қоғамдық іс-шараларға белсенділік танытуына көңіл аудару аса маңызды мәселе.

Осыған орай, ауданымызда өткен жылы қазіргі заман талабына сай «Коворкинг» орталығы ашылып, аудан жастарының түрлі деңгейдегі іс-шаралар өткізуіне, (карантин талаптарын сақтай отыра) зиялы қауым өкілдерімен кездесулер өткізіп, тоғызқұмалақ, дойбы, секілді логикалық спорт және шешендік өнер үйірмелеріне қатысуларына толыққанды жағдай жасалынған. Бұлардан бөлек, жастарды еңбекке баулу мақсатында да игілікті істер қолға алынуда. Солардың бірі «Жасыл ел»

дама алуына байланысты, ақшалай көмек көрсетілді.

Тағы бір күн тәртібінен түспейтін тақырып аудан жастарын тұрақты жұмыспен қамту мәселесі. Қазіргі уақытта аудан жастарының жұмысқа орналасуына еш кедергі жоқ. Себебі, көптеген жас аудан, облыс әкімінің гранттары мен бизнесті қолдауға бағытталған түрлі бағдарламалар арқылы өз кәсіптерін дөңгелетіп жатса, оқушылар мен студент жастар «Жасыл ел» жастар жасақтарына, «Жастар тәжірибесі» мен «Дипломмен ауылға» сынды түрлі қолдаулар арқылы жұмыстарға орналасқан. Ауданымыздың «Халықты жұмыспен қамту орталығында» биыл жастарға арналған қысқа мерзімді қайта даярлау курстары мен түрлі гранттардан бөлек, 9-11 сынып аралығындағы мектеп оқушылары мен студент жастардың жазғы демалыс уақытында қоғамдық жұмыс атқаруына аудандық бюджеттен 30 жұмыс орыны беріліп, жастармыз жаз бойы көптеген тазалық, абаттандыру жұмыстарына өз уақыттарын арнаған болатын. Сонымен қатар, ауданымызда сәуір айында «Жастар ресурстық орталығы» мен Шет агротехникалық колледжінің «Жігер» еріктілер тобының қатысумен «Саулық - сақтықта» атты акциясы ұйымдастырылып өткізілді. Акция аясында адамдар көп шоғырланатын орындарда және сауда орталықтарында, сапаржайда коронавирус инфекциясынан қалай қорғануды насихаттайтын «Өзіңді және



Күмбірлеген күмбездер

БАБА КЕСЕНЕСІ ЖӨНДЕЛІП, ҚАЛЫПҚА КЕЛТІРІЛДІ

Сарыарқа жері небір аузы дуалы билер мен ақындарды, баһадүр батырлар мен танымал тұлғаларды дүниеге әкелген текті топырақ, айрықша құт мекен. Солардың ішінде ел арасында шоқтығы биік болыс, әділ билігімен аты шыққан атақты дана тұлға Бөйсейіт би бабамыз.

Бөйсейіт би қазақтың белгілі би болыстары Құнанбай, Жанқұтты би, Есберген, Көпбайлармен замандас болған адам. Ел арасында Бөйсейіт би айтыпты деген түрлі тағылымды өңгімелер ауыз әдебиеті арқылы бізге жетті. Ал, оның ұлы жалпақ жұртқа дархандығымен аты шығып, атымтай жомарт атанған Нұрлан мырзаның өмірі өз алдына өшпес өнеге.

Ауданымыздан шыққан белгілі жазушы, өлкетанушы, публицист Төрехан Майбас ағамыздың келтірген деректеріне сүйенер болсақ Бөйсейіт Арқаның Бөжең, Бөшекең атанған атақты өткел бермес би, кешегі Көкбөрі Жарылғап батырдың немересі, Қанжығалы қарт Бөгенбайдың жиені. Бөйсейіт би өзінен бұрын о дүниелік болған бейбітшісі Зылиқа мен жалғыз баласы Нұрланға күмбезді мазар соққан. Ал, өзіне бұйырғаны қарапайым төртқұлақты бейіт қана. Ол ауданымызға қарасты Ақшатау кентінің Жарылғап батыр ауылының арасындағы Сымтас деген жерде тұр. Аумалы төкпелі заманда салынған бейіттің уақыт өте келе көрер

көзге ұсқыны қалмаған болатын. Онда өзімен бірге атақты болыс болған немересі Сәдуақас та жерленген екен.

Жуырда Қарағанды облысы әкімдігінің қолдауымен «Мәде-

рантин талаптарын сақтай отыра) ауыл ақсақалдарына ас бергізген екен.

Атақты жазушы М.Әуезов «Өткенін ұмытқан елдің - бүгінгісі болмайды» деген екен.



ни мұра» бағдарламасы аясында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының жанындағы тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығының тапсырысымен Бөйсейіт би бабамыздың мазары қалпына келтіріліп, жаңартылды. Шілде айының басында басталған қалпына келтіру жұмыстары бір ай көлемінде толықтай аяқталып үлгерген. Жуырда Бөйсейіт бидің ұрпағы Иманбаев Ғабит есімді азамат баба басына арнайы құрбандық шалып, құран оқытып (елдегі ка-

Урпаққа ұлағат, кейінгіге өнеге болатын сауапты да сауатты істің атқарылуына көмек қолын тигізген барша азаматтарды баба өруағы қолдасын деп тілейміз. Осындай жағымды жаңалықтарымыз бен төлімді істеріміз жалғасын таба берсе еліміздің рухы мықты, іргесі құтты болатынына сеніміміз мол.

**М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ,
ҚР Журналистер одағының мүшесі, ҚР Ақпарат саласының үздігі.**



бағдарламасы. «Жасыл ел» бағдарламасының негізі Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың қолдауымен іске асқан болатын. Бұл игі шара ауданымызда да атқарылып, жақсы бастамаға айналууда. Байыпты бағдарлама арқасында жыл сайын жүздеген жастар жұмысқа тартылып, бос уақытын тиімді өткізіп, туған өлкелеріне қызмет жасауға мүмкіндік алып келеді. Ағымдағы жылы үш айлық маусымдық жұмысқа Ақсу-Аюлы ауылы мен Ақалды кентіне 58 сарбаз қабылданып, көптеген тазалық жұмыстары мен саябақтарды баптап, күтіп ұстауға өз қолғабыстарын тигізуде. Бүгінде шағын және орта бизнесті қолға алуға талаптанған жас кәсіпкерлерге де қолдау бар. Өткен жылы аудан әкімінің «Жас кәсіпкер-2020» грантына 5 млн.тенге бөлінді. Аталмыш қаржыға жаңа істі ашуларына және әрекет етіп тұрған бизнестерін дамыту үшін 4 жас кәсіпкер ие болды. (Олар: «Lacadem» репетиторлық орталығын ашуға, көлік, кілем жуу орталығын әрі қарай дамытуға, тігін цехын кеңейтуге, «Аида» тігін ательесін ашу үшін берілді) Биылғы жылы да дәстүр бойынша Шет ауданы әкімінің грантына 5 млн. тенге қаражат бөлініп отырғандығын, аталмыш грантқа 29 жасқа дейінгі кез-келген жұмыссыз жас қатыса алатындығын жеткізгіміз келеді. Жастар орталығының тағы бір межелі міндеті аудан аумағындағы дарынды жастарға қолдау көрсету және оларды өскелең ұрпаққа үлгі ету. Бұл орайда, дзюдо күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, жерлес спортшы Ж.Смағұлқова «Токио 2020» өтетін жазғы Олимпиадасына жол-

жақындарыңызды коронавирустан қорғаныңыз!» атты жадынамалар мен бетперделер таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Тыл ардагерлеріне және жалғыз басты аналар мен аз қамтылған көп балалы отбасыларына орталық тарапынан айына екі рет «Ардағым-ардагерім» акциясы ұйымдастырылып өткізіліп отырады. Сондай-ақ, әлеуметтік бағытта қайырымдылық акциялары өткізілді. «1 наурыз - Алғыс айту» күніне арнап, «Тегін дүкен» акциясы аясында аз қамтылған, көп балалы 7 отбасыға тегін киім-кешектер мен азық-түліктер таратылып берілді. Бұл жұмыстардан тыс «Қайырымдылық - адамгершілік белгісі», «Қайырым жасасаң - қайтымын түбі көресің» атты акциялар бойынша көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында үйлердің манындағы үйілген қарларды тазалау, кәсіпкерлердің демеушілігімен аз қамтылған отбасыларға көмір түсіріп беру және оны кіргізіп беру, отын жару жұмыстары жүргізілсе, «Таза көше» акциясы бойынша ауданға қарасты барлық елді мекендердегі көше бойын тазалау жұмыстары өткізілуде. «Бұлақ көрсен - көзін аш», «Бірге таза Қазақстан», «Таза су айдындары» атты акциялары ұйымдастырылып өткізілді. Әр санаттағы жастарды тарта отырып, «Коворкинг» орталығында түрлі іс-шаралар жүйелі түрде өткізіліп отырады. «Жастық күш-жалындыған іс» демекші, қорыта айтқанда ауданымыздағы бар жастарды аталмыш орталыққа келіп, жастарды қолдауға арналған мүмкіндіктерді жіберіп алмауға шақырамыз!

29 тамыз - ядролық сынақтарға қарсы күрес күні

Халқымызға қасірет әкелген алғашқы ядролық қару 1949 жылы Семей сынақ алаңында жарылды. Содан бергі жылдарда онда 459 жарылыс (оның 113-і атмосферада) жасалып, сынақ алаңымен шекаралас аудандардағы халықтың денсаулығына, экологияға орасан зор зиян тигізді. Мұндай зұлмат қасірет бұл қарудың түрін жою, тоқтату қажеттігін тудырды. Осыған орай 1963 жылы атмосферада, суда және ғарышта атом қаруын сынауды тоқтату жөніндегі келісім шартқа қол қойылды. Алайда бұл шарт талаптары ұзаққа бармады. Өткен ғасырдың 70-ші жылдары КСРО басшылары атом сынағы кейбір шарттарды бағытталған, халыққа, қоршаған ортаға зияны жоқ деген екіжүзді сұрқия саясат ұстанды. Ұзақ уақыт бойына



ролық жарылыстарға қарсы «Невада-Семей» антиядролық

ТАРИХТЫҢ ҚАСІРЕТТІ БЕТТЕРІ

жер астындағы сынақтардың қауіпсіздігі туралы жалған түсінік қалыптастырылып, насихатталды. Халқымыз бұл сынақтан 40 жыл бойы зардап шекті. Ақыры 1989 жылдың ақпанында ел аумағындағы яд-

қозғалысы дүниеге келді. Ол ел тұрғындарымен қатар, әлем елдерінің бірқатарынан қолдау тапты. 1991 жылы мамырда «Аттан» штабы құрылды. 1991 жылы 29 тамызда Елбасымыз, Қазақстан Республикасының

Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Семей ядролық сынақ алаңын жабу туралы Жарлыққа қол қойды. Осылайша еліміз Семей ядролық сынақ алаңын жабуға қол жеткізді.

Тағы бір тарихи оқиға 1991 жылы Алматыда өткен кездесу кезіндегі келісілген мәселелердің аса бір маңыздысы ядролық қаруға қатысты келіссөз болды. Оған ядролық қарумен қаруланған мемлекет ретінде Беларусь, Қазақстан, Ресей Федерациясы және Украина елдерінің басшылары қол қойды. Осы келісімге қатысты қатысушылар ядролық мәселе жөніндегі саясатты бірігіп жасап, Тәуелсіз Елдер Достастығындағы барлық республикалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кірісті. 1993 жылы Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әлемнің сыртқы саясатын ескере отырып, Лиссабон хаттамасына қол қойу арқылы Қазақстан ядролық қарусыз аймаққа айналады деп мәлімдеді.

**Е.КЕНЖЕБАЕВ,
ақсақалдар алқасының төрағасы.
Ақсу-Аюлы ауылы.**

Ұлы даланың жеті қыры

RÝHANI
JANǴYRÝ

АТЫ Аңызға айналған АТАҚТЫ ТҮЛГАЛАР ТУРАЛЫ ӘНГІМЕЛЕР БЕГАЛЫ БИ

менгер Бұқар жыраудың да:

Көш бастау қиын емес,
Қонатын жерде су бар.
Қол бастау қиын емес,
Шабатын жерде жау бар.

Шаршы топта сөз бастау қиын,
Шешімін адам таппас дау бар,-
деп айтуында халық алдында сөз
бастап, әділ билік айтудың үлкен жауапкершілігі бар екенін байқаймыз.

Қазақтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін арнайы зерттеген Шоқан Уәлиханов «Сот реформасы жайында хат» атты еңбегінде шешендік өнер өкілдері - билерге байланысты деп, былай дейді: «Қазақтарда құрметті би атағын алу үшін, халық алдында әде-неше шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған. Мұндай адамдардың есімі желдей есіп, әлейім жұртқа таралып, біріне емес, бөріне де танылған. Сөйтіп би атағы сот пен адвокаттың істегі патентке айналады да, бидің балалары да заннан тәлімі болғандықтан, әке орнына мұрагер болып қала береді... Еуропадағы ақындар, ғалымдар, адвокаттар сияқты билердің манызы жеке беделге негізделген. Шекспир мен Гетені әлейім халық ұлы ақын санайды, бірақ олардың ұлылығы туралы пікір үкіметтің декретімен немесе халықтың сайлауына сәйкес негізделмеген... Әйткенмен, әр заманда бүтін ел болып кемел ой, терең ақыл күтетін сын сағаттар болады. Сол мезгілде топ жарып, толғанша сөз айтып, тағлымды ой қосып, тосыннан жағ тауып, тығырықтан шығынсыз шығаратын дилмар шешендерін күткен, оларға Отан тағдырын сеніп, орасан үміт артқан. Осындай тұтқиыл шешім қабылдау арқылы еру елдің намысын қорғайтын тұста көсемдік жауапкершіліктен бейтарап қалмайтын, ауыздарына су» бермейтін, қауыр-ма жақ, қызыл тілге келгенде алдына жан салмайтын шешен-билер ортаға шыққан. Олардың тектілігі, байлығы емес, халықтық әдет-ғұрпыты жете білуі және шешендік қабілеті болуы қажет...» Осынау айтылғандардың шығатын қорытынды: қазақтың сөз өнерін мойнына тұмар етіп таққан ұлттық қазынасы терең менгеріп, аса үлкен мәртебеге ие болған.

Сондықтан, сайын сахараның түкпір-түкпіріне аты жайылған, Үш жүзге атағы мәлім болған Беғалы бидің әрі философ, әрі ұстаз, әрі би, әрі кенесші, әрі билік иесі, әрі дилмар шешен болып келуі, тарихи заңдылық жүйенің беделді алғы шарттары болатын.

Міне, Беғалы сияқты би-шешендерді сөз еткенде, басты назарда ұстайтын мәселе - ұлттық сөз өнерінің жалпы адамзаттық құндылықтар қатарына қосылатындығы және ұлтымыздың барша болмысын айқара ашып, көп жұртты өзіне тәңгі ететіндігі болса керек.

Халықта: «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы - Майқы би» деген қанатты сөз бар. Мұның өзі биге жүгіну салтының тарихы тым әріде жатқанын көрсетеді Майқы би дәстүрінің мұрагерлері: Әйтеке, Қаздауысты Қазыбек және Төле билердің, өздері батыр, әрі би болған Жидебай, Сенкібай, Шабанбай Жалаңтөс, Аралбай, Таңыбай, Жанабай, Жарылғаптардың ізбасарлары, Алшынбай, Төтгімбет, Бөйсейіт, Жаксы Жанқұтты, Есберген, Ағыбайлардың замандасы болып табылатын Беғалы да, топты жарып, таразы басын тең ұстап, қара қылды қақ жарған әділ би және басты мақсаты қазақтың теңдігі мен бірлігі болған.

Беғалының ең үлкен мектебі өз ауылы, отбасы, әке-бабасының, ел үлкендерінің, ақсақалдарының үлгісі болатын. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің», - дегендей, Беғалыны әулие қылған алдымен сол ұядан алған тәлім-тәрбие болса керек. Көшпелі қазақ тұрмысы адамды ерте есейтеді, әрі әлеумет өміріне ерте араластырады.

Бес Мейрам балалары қашанда бір-бірімен көршілес, қатар қоныстанған. Беғалы шыққан Қаракесек руы да, Орта жүз Арғын тобының

үлкен бұтағы Мейрамға жатады. «Абылай хан екі сөзінің бірінде айтып отырады екен: «Осы «бес мейрамның баласы» деген ел пайғамбар мен шадияр тумады демесендер, адамның бұлбұлы мен дүлділі түгел туған ел. Батыры жаудан қорықпайды, шетінен шешен туалы да даудан қорықпайды. Қара құрттай құжынаған Қаракесегі бар. «Ә» - десе, «мә» деп едірейе туған Қуандығы бар, оның өмірінше үзілмейтін жуандығы бар. Жылым құртша жегенін білдірмей жеп қоятын Сүйіндігі бар», - деген екен дейді. Және Абылай айтқан екен деседі: «Бес мейрамның баласына қамшы бер де дауға қой», - деп. /Көпейұлы М.Ж. Абылай хан дәуірі // Абылай хан. - Алматы, 1993. -322 б./.

Беғалының да алғашқы танысып-біліскені, араласқаны осы Мейрам елінің жақсылары - би, батырлары. Ол кезде ұлым ел танысын, жер танысын деген әке амал тауып, баласын белгілі бір аты шыққан би - батырларға жіберіп, одан тәжірибе жиналып, билікке қатыстырып, әбден ысылтып, бата сұратады. «Жауынменен жер көгерді, батаменен ел көгерді», - деген қағиданы тұмар ғып ұстаған. Немесе бір жақсының соңына «атқосшыңыз болсын», - деп ертіп жібереді. Беғалының ата-анасы да осы тәжірибені пайдаланған. Бүкіл ел алдында айтылады, халық мақұлдаса іске асады, би қанша жерден шешен болса да пәтуасыз сылдыр сөзге, не қоғам мүддесіне келмейтін шешімге ел құламайды және ол орындалмайды. Ел басшылары мәжіліс құратын, қызмет атқаратын ғимарат - сарайы жоқ жерде халықтан оқшаулануға болмайды. Ауызы дуалы болса сен жасасың, сен баласың деп үлкендер де өзінен кішінің аузынан қақпайды. «Қой асығы деменіз, қолайына жақса сақа қой», - деп сыртқа теппеген. «Би» деген мәртебелі атакты өмір бойы тұмардай сақтап, ешқандай да кір жұкпауын халық та қалағалап отырған.

Ауыл ақсақалынан алған білімінен, әке-атадан көрген тәрбиесімен шектеліп қалмай Беғалы үлкен өмір мектебіне асықты. Топқа түсіп сынамай, жауға түсіп шындамай ел басы болу, шаршы топтың алдына түсіп, әділ үкім шығармай, билік жолын игеру мүмкін емес екенін жас кезінен түсінген.

Қадым заманнан бері билер бір тайпа елдің ішкі-сыртқы саясатын ұстап, шаршы топқа шығып отырған.

Қазақ қоғамының ерекшелігі демократиялық сипатта болуы. Қазақ хандығы әкімшілік - территорияларға емес, ру-тайпаларға бөлініп өмір сүрді. Рудың негізгі ұйтқысы туыстық, ағайындық қатынастар болғандықтан әр ру мүшесі, бүкіл ру, әсіресе, бай ру мүшелері кедей, жағдайы төмен ру мүшелеріне жәрдем етуге міндетті деп есептелді. Жәрдем берді де. Ұйым ретінде рудың өз басшысы болды, өзінің көшіп қону бағыты немесе жайылымдары мен суаты болды. Әр рудың өз танбасы мен жауынгерлік ұраны болды. Әр ру белгілі тайпаға жатып сол арқылы белгілі жүздерге кірді. Әр ру мүшесі рудың шежіресін және жеті атасын жақсы білді. Ру - туыстық ұйым және қоғамның ерекше бөлігі ретінде өз мүшелерін қорғауға міндетті. Тіпті өз мүшелерінің айып қарыздарын да бірігіп өтеді. Құн, қалың мал мәселесінде де бір-біріне жәрдем етті. Барымта мен қаза жағдайында да бірігіп әрекет етті. Жеке мүшелердің жөнсіз қылығы үшін де ұятты болды. Осының бәрі қазақ руының бекем, консервативті ұйым болғанын көрсетеді.

Қоғамдық өмірін өзінің қисынды тұжырымымен, шешімді үзжімен, басқару тәжірибесімен реттеп отыратын беделді ру басы немесе ел басы. Тентегін тегзе салу да, теңдесіне тең сөз айту да шын шешен, сөзі өтімді, беделі берік адамның ғана қолынан келмек. «Елдестірмек - елшіден, жауластырмақ - жаушыдан» дегенде, қажет кезінде билер тек қана ру аралық емес, жүз аралық, ер аралық мәселелерді шешуде мөмілегер, елшілік қызметін де атқарған аталар

басын иеген жерге, тізесін бүкпеуді мақсұт еткен қайраткер болған. Сондықтан да, олардың арасынан оқшауланатын шыққан санаттағы шешен, асқан дилмар азамат қана би бола алады.

Ал, 1888 жылы «Дала уәлаяты» газетінде, Қарқаралы дуанының тумасы, Петербурда жоғары білім алған, белгілі заңгер-ғалым Д.Сұлтанғазин өзінің «Бұрынғы замандағы қазақтардың билік қылуы» деген мақаласында былай деп жазады: «Бұрынғы уақытта биді сайламай, білімді ақсақалдар болып, көбінесе тақымына кетеді екен... Солар көп уақыт билік қылып әбден ысылып, халық арасында бір атакты би аталып, ешкім қарсы тұрмайтын болып, өз ойлағандарымен әділеттікпен іс кеседі екен, хәм солардың бітірген жұмысын әуелі хандар да ешқашан бұзбайды екен, хәм солардың біліміне әбден сеніп, жұмысына кіріспей, биліктерін бұзбайды екен... Бұл халық сондай билер тұрасында қазақтың мақалы да бар, батыр мен биді салыстырғанда, биді қатты артық көретінін білдіретін. Сол мақал мынау: «Батыр деген бір барақ ит - екі қатынның бірі табатын, би деген ақсары ат - бүтін елде біреу ғана табатын». /Сұлтанғазин Д. // Дала уәлаяты газеті, №55.1888/

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Назарбаевтың пікіріне сүйенсек: «Біздің де ойлағанымыз - бірлік. Еліміздің қаржысының көгергені, дәулетті де сәулетті өмір сүргені. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би замандарындағы басты мақсат - бар қазақтың бірлігі болса, бүгінгі басты мақсат та дәл сол». /Назарбаев Н. Қалың елім қазағым. Алматы, 1997. -307б./

Беғалы би, Ақжолтай Ағыбай батырдың замандасы, әрі сырласы, жақсы істерімен бар қазаққа аты шығып, жас Шоқан мен Абайға бата берген, Ағыбайды патша отаршыларының қудалануынан арашалап, ақтап алуға көп еңбек сіңірген, Жаксы Жанқұтты би көрегендігімен: «Бақыт-дәулет келерде ырсы қонады, ынтымағы елдің дұрыс болады», - деп, тек бірлік қана елге береке әкелерін өсиет қылған.

Беғалыға байланысты аңыз-жырлар, архив документтері оның әрі шешен, әрі әділ би болғанын көрсетеді. Әсіресе, орыс архивтерінің бөріне Беғалыны би деп көрсетеді. Беғалы белине бес қаруын іліп жау тоқтатар батыр болмаса да, өктем тіліменен де батыр атанған адам. Оның ел басқару әдісі мен ұйымдастырушылық таланты жастайынан-ақ ерекше танылды. Ел арасындағы қадір-беделі де осы қасиеттеріне байланысты болатын. Қара халықты патша да, сұлтан да, қара ниет билер де билеп-төстеп зәбір көрсетті. Беғалы оларға теңдік әперуге талап қылып, елдің басын біріктіргісі келді. Әйткені, патша әкімшілігі жергілікті бай-манаптарға сүйеніп, қазақ даласын игерудің сорақы түрлерін шығарып, байырғы әкімшілік жүйені бөлшектеп, рулардың арасына іріткі салып, бір-бірімен жауластырумен айналысып жатқан. Ресей патшасының «бөлшекте де билей бер» деген саясаты қазақ даласында кенінен қолданылды. Беғалы би ханнан да, сұлтандар мен патша қошқоқтарларынан да қорықпаған, қайта өзінің көзсіз батылдығымен, сөз тапқырлығы мен зеректігімен ықтырып отырған.

Беғалы бидің өмір сүрген уақыты Патша үкіметі Қазақстандағы отарлауды тереңдету тусу үшін бірнеше реформалар жасаған кезең еді. Атап айтқанда: 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы Устав» және «Бұратана халықтарды басқару туралы Устав», 1824 жылғы «Орынбор қырғыздары туралы устав», 1838 жылғы «Сібір қазақтарын басқару туралы ереже», 1844 жылғы «Орынбор қазақтарын басқару ережелері», 1867 жылғы «Жетісу және Сырдария облыстарын «уақытша басқару ережесі», 1868 жылғы «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын уақытша басқару ережелері».

Белгілі қоғам қайраткері, Петербург университетінің заң факультетін бітіріп, қазақ арасынан бірінші болып заң ғылым магистрі (заң ғылымдарының кандидаты) дәрежесін алған, Қарқаралы дуанының тумасы, 1905 жылы Омбы округтік сот пала-

тасының мүшесі болып жүріп Жақып мырза Ақбаев былай деп жазаған: «Ресейде қалыптасқан қоғамдық-саяси құрылыстың және бюрократтардың солақай билеуі салдарынан біздің мемлекетіміз Адам атының киімімен ғана қалды (қазақша: «дамбалсыз қалды» деп жазып қойған). 1905 жылғы 17 қазанға дейін біздің мемлекетіміз құқықсыз, қайыршы, бақытсыз құлдардың мемлекеті болып келді...». Ж.Ақбаев Ресей империясының құрамында болған қазақтардың Адам атының киімімен қалды деп, саяси бостандықсыз, ешқандай да құқықсыз (мемлекеттік, азаматтық) болғанын жазады. /З.Тайшыбай, Н.Дулабеков. Жақып Ақбаев. -Алматы, 1997. 23-25б.б./

Ресей үкіметінің, енді «бөліп ал да, билей бер» деген саясатпен, қазақ даласы, губернияға, округке және ұсақ болыстарға бағынышты болды. Осындай болыстармен бұрын көсемдігімен, шешендігімен танылғанда ғана, халықтың өзі би атайтын билерді, енді халық сайлап, Ресей патшасының ерекше құқықты өкілдері бекітетін болды. Бұл - ғасырлар бойы қызмет етіп келген, қоғамның қалыптасуында зор роль атқарған билер институтын, тұма таланттарды біржола жою болатын. Олай дейтініміз, енді болыстыққа, би, қазылыққа өзінің табиғи қасиеттерімен би атанғандар емес, пара беру арқылы, халықтың емес, қара басының құлқынын ойлайтын, Ресей патшасы өкілдерін айтқанын істеп, айдағанымен жүретін дарынсыз, мансапқорлар сайланды.

XIX ғасырдың басындағы шаруашылық тығырықтан, рухани күйзелістен, елді алып шығудың басты жолы ісләм діні деп түсінген Ағыбай, Алшынбай, Есберген, Құнанбай, Жанқұтты, Бөйсейіт, Мұса, Беғалы, Сарбас, Көпбайлар қазақ арасында ісләм дінін орыстардың шоқындыру саясатына қарсы күш екеніне сенді. XVIII-XIX ғасырдың басында қазақты мұсылман елі, тіл табысудың бір жолы ісләм діні деп жоспарлаған Ресей дінді қолдады. Сол кезден бастап орыс отарлау саясатын халық арасына тарату, уағыздау мақсатында әрі барлаушы, тыңшы ретінде Қазаннан орыс шенеуніктерінің арнайы дөріс беруімен дайындалған татар молдалары Қазақстанның басты, көп шоғындырылған аудандарында, мемлекеттің қолдауымен, көп жеңілдіктермен (салық, жер т.б.) қоныстана бастады. Олар сол жердің жергілікті халықтарға Ресей патша отарлау саясатын, барлық әдіс-амалдарды қолданып уағыздай бастады. Осыны тез арада түсінген сол кездегі көзі ашық, білімді қазақ игі жақсылары олардан аулақтана бастайды. Ислам дінінің таза дін екенін және ешқандай саясатпен айналыспайтынын олар іспен айықтап, елдің ішіндегі игі жақсылар Мекке-Мединаға бару қанша қиыншылықтармен іске асса да қажылыққа баруды, басқа да игі істерді барынша уағыздады.

Сол кездегі еліміздің көсемдері: Жаксы Жанқұттының, Құнанбайдың тағы басқа қазақтан шыққан бір топ игі жақсылардың қажылыққа баруы осының айғағы. Сол кезде Омбы генерал-губернаторында жауапты қызмет атқарған Шоқан Уәлиханов арнайы тапсырмамен Қарқаралы дуанында болып, отарлау саясатының орындалуы барысын, қазақтардың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын жан-жақты зерттеп, дінге қатысты саясатты, әсіресе сол кезде қазақ даласында көбейіп кеткен татар молдаларын сынға алатын, 1864 жылдың 28 ақпанында Омбы қаласында Ресей патшасына арнап «Сот реформасы жайында хат» деген еңбегін жазған. «Сібір даласындағы Мұхаммедтің апостолы Сперанский (Ресей патшасының саясатын Қазақстанға жүргізіп, 1822 жылы Сібір заңдарының жинағын құрастырып, іске асырған саясаткер-генерал /Автор/ болды, ол молдаларды тағайындап, округтік приказдарда мешіт салдырып, татар училищелерін апаруға ұйғарым жасады. Бізді қайран қалдыратыны сол Сперанский өзінің «мекемесі» жайында айтқанда, қазақтар өсімінен ғана мұсылман, сондықтан оларды христиандыққа, т.б. дінге айналдыру оңай дейді.

⇨ 4-ші беттен.

Осы кезге дейін Ресей империясының қол астына енген халықты дінсіз деп қарау, немесе Ресейге бағынғандарды ресми түрде діни бөлектенушілер деп қабылдауы, мұсылмандарды да жақтыра қойған жоқты, бірақ қазақты христиандарға айналдыру саяси жағдайға сай келмейтін еді. Ол заман өтті, прудеризм моды емес. Біздің Сібірде (Қазақстанда /Автор/) үкімет мұсылмандықты бұрынғыдай қамқорлыққа алды. Бүкіл қырға татардың шала молдасы көбейіп, Орта Азиядан шыққан әулиелер қаптап кетті. Орыс үкіметі біздің өнегелі тәрбиемізді сеніп тапсырған татардың діни ағамдары біздің пиғылымыз бен ниетіміздің азғындауына әсер етті, пара алды, екі жүзділікке үйретті, ортаазиялықтармен қосылып аңқау қазақты алдап соғуда. Аңқау елге арамыз молда деген осы. Бізде молданың көпшілігі татарлар, олар шетінен алдамшы болады. Бұлар өз жазуын өрең игерген, барып тұрған білімсіз дүмшелер болса да, рахымсыз қараңғылыққа, тағы нанымға шырмаланған тақуалар. Барлық жағынан алып қарағанда, қараңғылық тұңғығына түскен жандар. Біздің қырда көбіне молдалық міндет атқарып отырған татарлардың рахымсыздық, білімсіздігін жөне қандай да болмасын халықтың әлеуметтік дамуына тигізетін жат әсерін ескере отырып, молданың ықпалын өлсірету және діни фанатизмді қалың келтіру үшін, әрі халықтың талабын орындау мақсатымен неке және некеден ажырату ісін бұрынғыдай би сотының билігіне берген жөн... /Ш.Уәлиханов, Таңдамалы. - Алматы, 1985, 148-152 бб./

Бегалы бидің аталас туысы, әрі шөкірті Көпбай қазы да ісләм дінің тазалығына көп еңбек сіңірген, дінге салғырт адамдарды жазалап отырған, өзі ислам дінінің құқық-қағидаларын,

шариат заңдылықтарын жете меңгерген. Мәселен, ауылына түскен қонақты дәрежесіне, шен-шекпеніне қарамай, алдымен қымызға тойғызып: «Ал, енді ісләм діни туралы өңгемелесейік, бата беріп, Құранның бір сүресін оқып жіберіңіз», - дейді екен. Егер келген қонақтың Құран туралы ілімі терең болса, ол қонақты жақсы күтіп, ат мінгізіп, шапан жауып шығарып салады екен. Ал, ісләм дініне салғырт қарап, құранның бірде-бір сүресін білмейтін, сөзінде бас ұрмаған кісіні лауазымына қарамай дүрелетіп жіберген. Содан сескенген жұрт Көпбай қазы келе жатыр дегенде шидің, шөлтің үстіне құлап, жерге басын иіп ұра береді екен. Сол кезден бастап қазақ қауымында: «Көпбайдан қорқамыз деп көзіміз шығатын болды-ау» деген сөз қалған. Көпбай қазының қазақ тарихында өзіндік орны бар, өткен ғасырдың ықпалды тұлғаларының бір екендігі ақиқат. Осы ісләм дініне салғырт қарағаны үшін, Көпбайдың жарлығымен дүреге жығылған біраз бай-манаптар Дала генерал-губернаторына шағым жасап, Көпбай қазы Дала генерал-губернатордың жарлығымен қамалып, тергеу жұмыстары біткенше Қарқаралы қаласының абақтысына қамалады. Қарқаралы қаласына сол кездегі қазақ қауымының игі жақсылары Алшынбай, Жақсы Жанқұтты, Тәттімбет, Бәйсейіт, Есберген, Сарбас, Мұса Шорманов тағы басқа да қазақтың беделді би-бойыстары келіп жиналып, арнайы кеңес құрып, генерал-губернатордан Көпбайды босатуына өтініш жасайды. Генерал-губернатор қазақтың игі жақсыларының тілегін қабыл алып, тергеу жұмыстары қысқартылып, Көпбай босатылып елге қайтады. Елге келген соң да, Арқаның игі жақсыларының бәрі келіп Көпбайдың хал-жағдайын біледі. Тек, аталас туысы, әрі елдің төбе биі, Бегалы би ғана белгісіз себептермен келмейді. Бегалы бидің

Көпбайдан 20-25 жас үлкендігі бар екен. Көпбай Бегалы биді біраз күн тосып, келмеген соң бидің ауылына өзі келіпті. Ауылға түскен Көпбай Бегалыға сәлем беріп кіріп келгенде: «Ә, Көпжан, маған ренжіген түрің бар ғой, мен саған бұрыннан да тілектеспін ғой, сен абақтыдан шығатын бір күн бұрын саған келіп кеттім ғой» - депті. Сонда Көпбай: «Иә, аға, абақтыдан шығатын бір күн бұрын, сіз түсімде «Көпжан, мен келмеді деп ренжіме, сыртыңнан тілеуді тілеп жатырмын, Алла бұйырса абақтыдан ақталып, ертең шығасың дегенсіз» - депті. Көпбай бір-екі күн қонақ болып ауылына қайтыпты. Қасындағы нөкерлері: «Бегалы би, сені адам ғұрлы көрмей, артынан келмегенің түгілі, тіпті түсімде келдім ғой деп мазаттады», - деп Көпбайды күлкілеп айналдырыпты. Осыған намыстанған Көпбай: «Сен шалды көріп алайың, малын барымталап, біраз әуреңе түсірейің» - деп, сенімді жігіттерін сайлап: «Бегалы бидің жылқысын қуып өкеліңдер» - деп бұйрық беріпті. Бір жетіден кейін Көпбайдың жігіттері олжасыз, бос қол қайтыпты. Жігіттердің басшысы Көпбайға болған жағдайды тәмпиштеп айтып беріп: «Осыншама күнде Бегалы бидің жылқысын алмақшы болып, нешеме оңтайлы тұсынан шықсақ та, бір ақ боз атты алдымыздан кесе көлденеңдей жылқыны алғызбай қойды. Қанша күн аңдысақ та, одан ештеңе шықпады, сол бір ақ боз атты жың ба, шайтан ба әйтеуір тірі пендеге ұқсамайды, олай-бұлай ойқтап шауып, өзімізді мерт қылатын болған соң қорқып, құр бос қол қайтық», - депті. Көпбай: «Бегалы би жай кісі емес әулие, әуақ қонған кісі дегенге бұрын естуші едім, енді осы екі жағдайдан кейін көзім жетті, бұл ақбоз атты кісі Бегалы бидің иесі болды ғой» - деп Бегалы биге арнайы келіп, ат-шапан айыбын беріп, кешірім өтініпті. Бегалы би өлерінің алдында бала-

лары мен жақын туыс-жекжаттарын жинап: «Мен қайтыс болғанда Қалмақ қыран деген жерге қойыңдар», - деп өтініш білдіріпті. Бегалы бидің қыстағы казіргі Шет ауданы, Киік станциясының қасы, ал Қалмақ қыран одан 60-70 шақырым жерде екен. Сол жылы қыс қатты болып, екі-үш метрдей қар жауыпты. Ауа райының қолайсыздығын, жердің шалғай екенін, айтып жақын туыс-жекжаттары: «Мынадай қақаған аязда ақ қар, көк мұзда, ол жерге қалай жетеміз?» - деп реніш білдіріпті. Сонда Бегалы би: «Сендерге ешқандай да қиыншылық болмайды, қайтыс болғанда өзімің ақ нарм үйдің қасына келіп шөгеді, соған мені артыңдар, өзі қайда апаратының біледі, мен жерлейтін жер белгілі, ал мені қойып біткенде жаз шығады ешқандай да қиналмай ауылға жетесіңдер», - деген екен. Осыдан кейін, көп уақыт өтпей Бегалы би қайтыс болып, өзінің жақсы көретін, малы ақ нары, боздап келіп үйдің қасына келіп шөгепті. Бегалы бидің мүрдесін артқан соң, ақ нар омбы қарды бұзып, өзі артындағы елге жол ашып, олар ешқандай да қиналмай Қалмақ қыран деген жерге жетіпті. Бір жерге келгенде, ақ нар шөгіпті мүрдені түсіріп алып, ақ нар тұрғанда, ол жер бірден бусанып, тоң жер жұп-жұмсақ құмға айналып, еш қиналмастан қабір қазылыпты. Бегалы бидің жерлену рәсімі біткен бетте, шынында да, сай-сала еріп, жердің бәрі қардан босап, жаз түсіп, ел ешқандай қиналмай ауылға жетіпті. Қазір де, Бегалы бидің жатқан жері «Әулие жатқан жер» деп аталып, елдің теуап етіп баратын жері. Бір қызығы, ол жерге дәрет алмаған адам күмбезге 100-150 метр таялғанда өзінен-өзі құлайды, машина да осындай қашықтыққа таяғанда өзінен-өзі сөніп қалады. Осының дәлелі, бес-алты жылдар бұрын, бір тойдан шыққан азаматтар: «Сендер тойда арақ ішкенсіңдер,

Бегалы би әулие кісі, бұл түрлеріңмен басына баруға болмайды», - деген ақсақандарға «Біздің арақ ішкенімізді ол кісі ана дүниеде жатып қайдан білсін, барамыз да, барамыз» - деп айтқан сөзге көнбей, еліріп, жолға шығады. Бегалы бидің күмбезіне тап қалғанда, олар адасып, одан кейін автомашина бұзылып, арып-ашып, жаяу-жалпылай жақын тұрған елді мекенге екі күннен кейін өрең жетіпті. Бегалы бидің көзі өткір болған екен, жас балаларға, малға «көзім тіемді» - деп тіке қарамайды екен. Бегалы би білімсіз қызмет, оқусыз жарық болмайтынын біліп, өскелең таппып, талантты жұрттарды бір жағы мұсылманша әдіпті игертіп, одан кейін орыс мектептеріне арнайы қаражат шығарып оқуға жіберіп отырған. Сол өңірден осы кезеңде небір Алаштың мыңнан озған үздік азаматтары шығып, осы жақсы дәстүрді ұрпақтары жалғастырып келеді. Бегалы би ата-бабаларымыздың негізін қалаған далалық демократияның көрнекті өкілі болды. Ақжолтай Ағыбай батырдың Ресей империясына қарсы бірнеше жыл қару алып соғысқаны «Тайға таңба басқандай» болса да, осы қиын-қиын кезеңде үлкен азаматтық көрсетіп, ақтап алуға көп еңбек сіңіріп, өз жерінен жер бөліп беріп, өлеуленше сыйласып өткен. Ресей патша үкіметінің қатыгез отаршылдық саясаты мен қызыл империяның коммунистерінің аяусыз отаршылдық идеяларын, дербес мемлекетті, тәуелсіз, еркін халқымыздың әділетті, теңдікті аңсаған армандарын түншықтара алмады.

Жұмағұл ШӨЖЕНОВ,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, публицист, ағбайтанушы, өлкетанушы.

Аукцион

**АҚПАРАТТЫҚ
ХАБАРЛАМА**

«Шет ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» ММ коммуналдық меншік объектісін сенімгерлік басқару беру туралы тізілімі www.gosreestr.kz веб-порталында тендер өткізілетінін хабарлайды. Объектіні беру ҚР Үкіметінің 16 қаңтардағы 2015 жылғы №17 бекітілген Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидасына сәйкес беру жүзеге асырылады.

Тендердің күні мен уақыты: 2021 жыл 26 тамызда сағат 10.00 Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша.

Коммуналдық меншік объектісін кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беру бойынша тендерге 1 жыл мерзімге **Шет ауданының «Шет шұғыласы» газетінің редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 50% мемлекеттік үлесі** қойылады. Бастапқы (алғашқы) бағасы - 2 530 000 теңге.

Кепілдік жарнасы - 379 500 теңге. Баланс ұстаушы: «Қарағанды облысы Шет ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ-сі. Анықтама телефоны: 8 (71031) 21-839, 21-9-53.

Тендерге қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және тендер басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады.

Тендерге қатысуға кепілдік жарна мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың деректемелеріне енгізіледі.

Төлем алушы: АҚ "Ақпараттық-есептеу орталығы";

БСН: 050540004455; Есеп айырысу шоты (IBAN/ЖСҚ): KZ94601711100000330;

Банктің атауы: "Народный банк Казахстана" АҚ;

БСК: HSBKZKX; ТТК: 171; Бек: 16.

Тендерлік шарттар:

- Мемлекеттің 50% үлесі кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға 1 жылға беру;
- Ауданға қарасты ауыл, кенттерден мемлекеттік ақпараттық саясатты қажетті уақытта, жүзеге асыру;
- Оқырманға тыңғылықты, ресми ақпараттарды жедел жеткізу;
- Халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуын жариялау;
- Жергілікті мамандардан құралған қызметкерлер санының штаттық режимін (штатта - кем дегенде 5 адам, келісім-шарт бойынша) сақтау және БАҚ саласында жеткілікті тәжірибесімен еңбек өтілі болуы тиіс;
- Есепші маманның (бухгалтер) кәсіби біліктілігі, еңбек өтілі болуы тиіс және заман талабына сай арнайы кәсіби біліктілігі жөнінде сертификатының болуы;

7. Ұжымды тұрақты еңбекақымен және қажетті материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету;

8. Редакцияны қосымша табыс тауып, қаржыландыру көздерін іздеуі;

9. Редакцияның материалдық базасын нығайтуға күш салу;

10. Оқырман арасында газетке жазылу науқандарын жүргізіп, заттар таралымының санын арттыруды қамтамасыз ету;

11. Редакцияның әлеуметтік желідегі парақшасын жүйелі жүргізуге мүмкіндік жасау;

12. Редакцияның «Қазпочта» және баспа мекемелерімен арнайы келісім-шарттарының болуы;

13. Объектіні сенімгерлік басқаруға беру кезінде туындайтын салық міндеттемелерін орындау;

14. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің мемлекете тиесілі жарғылық капиталға қатысу үлесін сенімгерлік басқаруға беру кезінде сенімгерлік басқарушыға мынадай:

- Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капитал мөлшерін өзгерту (ұлғайту немесе азайту) туралы;

- Жауапкершілігі шектеулі серіктестікті тарату, қайта ұйымдастыру туралы, сондай-ақ, атауын өзгерту туралы мәселелерді шешуге байланысты мемлекеттік құқықтары берілмейді;

15. Қызметтік міндеттемелерін атқару, халыққа ақпарат тарату барысында Қазақстан Республикасының барлық заңдарын сақтау;

16. 1 жыл қызметтік профилін сақтау. Тендерге қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және тендер басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады.

Тендерге қатысу үшін қатысушы мыналарды:

- жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін: жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі - ЖСН), тегін, атын және әкесінің атын (болған жағдайда);
 - заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі - БСН), толық атауын, бірінші басшының тегін, атын және әкесінің атын (болған жағдайда);
 - кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп айырысу шотының деректемелерін;
 - байланыс деректерін (пошталық мекенжайын, телефонын, e-mail) көрсете отырып, тізілімнің веб-порталында алдын ала тіркелуі қажет.
- Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы бір жұмыс күні ішінде тізілімнің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертеді.
- Тендерге қатысушы ретінде тіркелу үшін тізілімнің веб-порталында қатысушының ЭЦҚ қол қойылған өтінімді тіркеу қажет. Өтінімге:
- тізілімнің веб-парағында арнайы бөлінген электрондық конвертке салынған тендерге қатысушы қол қойған баға ұсынысы (объектіні кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға берген кезде);

2) құжаттардың "PDF (Portable Document Format)" форматында сканерленген) электрондық көшірмелері.

Тізілімнің веб-порталы автоматты түрде тексеру нәтижелері бойынша тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына өтінімді қабылдау не өтінімнен бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жібереді.

Өтінімдерді ашу тендер өткізу туралы хабарламада қатысуға шақыруда көрсетілген тендердің күні мен уақыты келгенде тізілімнің веб-порталы арқылы автоматты түрде жүргізіледі. Құрылтайшы тізілімнің веб-порталында тендерге жіберілген қатысушыларды айқындау мақсатында өтінімдерді, сондай-ақ, оларға қоса берілетін құжаттардың электрондық (сканерленген) көшірмелерін қарайды.

Объектіні кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға берген кезде тізілімнің веб-порталы құрылтайшы тендерге жіберген тендерге немесе жабық тендерге қатысушылардың баға ұсыныстарын автоматты түрде ашу және салыстыру нәтижелері бойынша жеңімпазды анықтайды. Объект үшін ең жоғары баға ұсынған қатысушы жеңімпаз болып танылады. Объектіні кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беру бойынша тендерге қатысушылар ұсынған бағалар сәйкес (тең) болған жағдайда өтінімді бұрын тіркеген қатысушы жеңімпаз болып танылады.

Құрылтайшының басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға тендер нәтижелері туралы хаттамаға қол қойған күннен бастап он жұмыс күннен кешіктірмей сенімгерлік басқарушымен шарт жасасады. Тендер жеңімпазы құрылтайшыға шартқа қол қою кезінде өтініміге қоса тіркелген құжаттардың түпнұсқаларын не нотариат растаған көшірмелерін тексеру үшін ұсынады. Жылжымайтын мүлікке арналған сенімгерлік басқару шарты мемлекеттік тіркелуі тиіс. Шартты мемлекеттік тіркеу сенімгерлік басқарушының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

**ИНФОРМАЦИОННОЕ
СООБЩЕНИЕ**

ГУ «Отдел государственных активов и закупок Шетского района» объявляет о проведении тендера по предоставлению объекта коммунальной собственности в доверительное управление на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz Передача объекта в доверительное управление осуществляется в соответствии с Правилами передачи государственного имущества в доверительное управление от 16 января 2015 года №17. Дата и время тендера: 26 августа 2021 года 10.00 по времени г.Нур-Сұлтан. На тендер по предоставлению объекта коммунальной собственности в доверительное управление с правом последующего выкупа сроком на 1 год выставляется **50 % доли участия государства Товарищество с ограниченной ответственностью «Редакция Шетской районной газеты «Шет шұғыласы».**

Стартовая цена: 2 530 000 теңге. Размер гарантийного взноса 379 500,00 теңге.

Телефон для справок **8 (71031)21-839, 21-9-53.**

Регистрация участников тендера производится со дня публикации извещения и заканчивается за два часа до начала тендера. Гарантийный взнос для участия в тендере вносится на реквизиты единого оператора АО «Информационно - учетный центр», (далее-Общество): БИИ 050540004455; Расчетный счет (IBAN/ИИК) в АО "Народный банк Казахстана": KZ94601711100000330; БИК: HSBKZKX; КНП: 171; Кб: 16.

Тендерные условия:

- Передача 50% доли государства в доверительное управление с правом последующего выкупа срок на 1 год;
- Осуществление в нужное время государственной информационной политики в селах, поселках районного значения;
- Оперативное доведение до читателя исчерпывающей, официальной информации;
- Освещение реализации государственных программ, направленных на повышение благосостояния населения;
- Соблюдение штатного режима численности работников из числа местных специалистов (в штате - 5 человек, по контракту), стаж и достаточный опыт работы в СМИ;
- Профессиональная квалификация бухгалтеров, опыт работы и наличие профессионального сертификата;
- Обеспечение коллектива стабильной заработной платой и необходимой материально-технической базой;
- Поиск источников финансирования редакции с дополнительным доходом;
- Усилия по укреплению материальной базы редакции;
- Обеспечить проведение подписных компаний среди читателей и увеличение количества тиражей газет;
- Создание возможности систематического ведения страницы редакции социальной сети;
- Наличие специальных договоров редакции с «казпочтой» и издательскими учреждениями;
- Исполнение налоговых обязательств, возникших при передаче объекта в доверительное управление;
- Доверительному управляющему не передаются права государства, связанные с решением следующих вопросов:
 - об изменении устава Товарищества;
 - об изменении (увеличении или уменьшении) размера уставного капитала Товарищества;
 - о ликвидации Товарищества, его реализации, а также об изменении наименования;
- Исполнение служебных обязанностей, соблюдение всех законов Республики Казахстан при распространении информации населению;
- Сохранение профиля деятельности 1 год.

Регистрация участников тендера производится со дня публикации извещения и заканчивается за два часа до начала тендера. Для участия в тендере необходимо предварительно зарегистрироваться на веб-портале реестра с указанием.



TELEBAĞDARLAMA 9-tamyzdan 15-tamызға deiin

DÜISENBI, 16-tamyz

Евразия

6.00 «Әйел сыры...».
6.40 «Той заказ».
7.05, 3.35 «Той базар».
8.00, 2.05 «П@утіна».
9.00 «Доброе утро!»

10.00 Т/с «Березка».
12.00 «На самом деле».
13.00 «Пусть говорят».
14.15, 3.20 «112».
14.30 «Qoslike».
18.30, 20.00, 2.50 Жаңалықтар, новости.
19.00 Т/с «Гадалка».
20.30 Т/с «Великолепная пятерка».
0.00 Т/с «Клетка для сверчка».
Хабар
6.00 «Хабарлайын».

7.00 «Таңғы хабар».
10.00 «Ән әлемі».
10.30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға».
11.30 «Қарлығаш ұя салғанда» т/х.
13.00, 21.30 «Сырлы қала» т/х.
15.00 «Алпыстан асып барамын» т/х.
16.00 Российский сериал.
18.00 Х/ф «Оружейный барон».
20.00, 21.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.

20.30 «Индетпен күрескен Қазақстан». Вакциналау тарихы.
20.45 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане». История вакцинации.
23.30 Т/с «Разия».
1.30 «Әсем әуен».
Qazaqstan
6.05 «Қазақ даласының құпиялары» д/ф.
6.30 «Ауылдастар».
7.00 «Таңшолпан».

10.00, 18.00 «Ғашықтық дерті» т/х.
12.00, 17.20 «Қызық екен».
13.00 М/ф.
14.00, 2.15 «Теледәрігер».
15.00, 3.05 «Біздің полиция».
15.20, 20.40 «Замандастар» т/х.
17.00, 20.00, 1.25 Aqparat.
22.30 «Жат мекен» т/х.
23.30 «Жарқын жүздесу».
0.30 «Сана».

SEISENBI, 17-tamyz

Евразия

6.00 «Әйел сыры...» т/х.
6.40 «Той заказ».
7.05, 3.35 «Той базар».
8.00, 2.05 «П@утіна».

9.00 «Доброе утро»
10.00 Т/с «Красавица»
12.00 «На самом деле».
13.00 «Пусть говорят».
14.15, 3.20 «112».
14.30 «Qoslike».
18.30, 20.00, 2.50 Жаңалықтар, новости.
19.00 Т/с «Гадалка».
20.30 Т/с «Великолепная пятерка».
0.00 Т/с «Клетка для сверчка».

Хабар
6.00 «Хабарлайын».
7.00 «Таңғы хабар».
10.00 «Ән әлемі».
10.30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға».
11.30 «Қарлығаш ұя салғанда» т/х.
13.00, 21.30 «Сырлы қала» т/х.
15.00 «Алпыстан асып барамын» т/х.
16.00 Российский сериал.
18.00 Х/ф «Голодный кролик атакует».

20.00, 21.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.
20.30 «Индетпен күрескен Қазақстан». Вакциналау тарихы.
20.45 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане». История вакцинации.
23.30 Т/с «Разия». 1.30 «Әсем әуен».
Qazaqstan
6.05 «Қазақ даласының құпиялары» д/ф.
6.20, 17.00, 20.00, 1.35 Aqparat.

7.00 «Таңшолпан».
10.00, 18.00 «Ғашықтық дерті» т/х.
12.00, 17.20 «Қызық екен».
13.00 М/ф.
14.00, 2.15 «Теледәрігер».
15.00, 3.05 «Қайсар жан».
15.20, 20.40 «Замандастар» т/х.
17.00, 20.00, 1.25 Aqparat.
22.30 «Жат мекен» т/х.
23.30 «Жарқын жүздесу».
0.30 «Сана».

SÄRSENBİ, 18-tamyz

Евразия

6.00 «Әйел сыры...» т/х.
6.40 «Той заказ».
7.05, 3.35 «Той базар».
8.00, 2.05 «П@утіна».

9.00 «Доброе утро»
10.00 Т/с «Красавица»
12.00 «На самом деле».
13.00 «Пусть говорят».
14.15, 3.20 «112».
14.30 «Qoslike».
18.30, 20.00, 2.50 Жаңалықтар, новости.
19.00 Т/с «Гадалка».
20.30 Т/с «Великолепная пятерка».
0.00 Т/с «Железный лес».

Хабар
6.00 «Хабарлайын».
7.00 «Таңғы хабар».
10.00 «Ән әлемі».
10.30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға».
11.30 «Қарлығаш ұя салғанда» т/х.
13.00, 21.30 «Сырлы қала» т/х.
15.00 «Алпыстан асып барамын» т/х.
16.00 Российский сериал.
18.00 Х/ф «Отрабление. Код 211».

20.00, 21.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.
20.30 «Индустрия».
23.30 Т/с «Разия».
1.30 «Әсем әуен».
Qazaqstan
6.05, 3.00 «Қазақ даласының құпиялары» д/ф.
6.20, 17.00, 20.00, 1.35 Aqparat.
7.00 «Таңшолпан».
8.00 «Айналайын» т/х.

9.00 «Көңіл толқыны».
10.00, 18.00 «Ғашықтық дерті» т/х.
12.00, 17.20 «Қызық екен».
13.00 М/ф.
14.00, 2.00 «Теледәрігер».
15.00, 2.50 «Тұлға».
15.30, 20.40 «Замандастар» т/х.
22.30 «Жат мекен» т/х.
23.30 «Жарқын жүздесу».
0.30 «Сана».

BEISENBI, 19-tamyz

Евразия

6.00 «Әйел сыры».
6.40 «Той заказ».
7.05, 3.35 «Той базар».
8.00, 2.05 «П@утіна».

9.00 «Доброе утро!»
10.00 Т/с «Красавица»
12.00 «На самом деле».
13.00 «Пусть говорят».
14.15, 3.20 «112». 14.30 «Qoslike».
18.30, 20.00, 2.50 Жаңалықтар, новости. 19.00 Т/с «Гадалка».
20.30 Т/с «Великолепная пятерка».
0.00 Т/с «Железный лес».
Хабар
6.00 «Хабарлайын».

7.00 «Таңғы хабар».
10.00 «Ән әлемі».
10.30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға».
11.30 «Қарлығаш ұя салғанда» т/х.
13.00, 21.30 «Сырлы қала» т/х.
15.00 «Алпыстан асып барамын» т/х.
16.00 Российский сериал.
18.00 Х/ф «Старые счёты».
20.00, 21.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.

20.30 «Индетпен күрескен Қазақстан». Вакциналау тарихы.
20.45 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане». История вакцинаций.
23.30 Т/с «Семейные обстоятельства»
Qazaqstan
6.05, 3.05 «Қазақ даласының құпиялары» д/ф.
6.20, 17.00, 20.00, 1.35 Aqparat.

7.00 «Таңшолпан».
10.00, 18.00 «Ғашықтық дерті» т/х.
12.00, 17.20 «Қызық екен».
13.00 М/ф.
14.00, 2.15 «Теледәрігер».
15.00 «Meniñ Qazaqstanym».
15.30, 20.40 «Замандастар» т/х.
22.30 «Жат мекен» т/х.
23.30 «Жарқын жүздесу».
0.30 «Сана».

JUMA, 20-tamyz

Евразия

6.00 «Әйел сыры».
6.40 «Той заказ».
7.05, 3.30 «Той базар».
8.00, 2.00 «П@утіна».

9.00 «Доброе утро!»
10.00 Т/с «Красавица»
12.00 «На самом деле».
13.00 «Жди меня».
14.00, 1.45 «112».
14.30 «Qoslike».
18.30, 20.00, 2.45 Жаңалықтар, новости. 19.00 «Пендемиз ғой».
20.30 «Поле чудес».
21.55 Т/с «Взрыв из прошлого».

Хабар
6.00 «Хабарлайын».
7.00 «Таңғы хабар».
10.00 «Ән әлемі».
10.30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға».
11.30 «Қарлығаш ұя салғанда» т/х.
13.00, 21.30 «Сырлы қала» т/х.
15.00 «Алпыстан асып барамын» т/х.
16.00 Российский сериал.
18.00 Х/ф «Шанхайский перевозчик».

20.00, 21.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.
20.30 «Народный контроль».
23.30 Т/с «Семейные обстоятельства».
Qazaqstan
6.05 «Қазақ даласының құпиялары» д/ф.
6.20, 17.00, 20.00, 1.55 Aqparat.
7.00 «Таңшолпан».
10.00, 18.00 «Ғашықтық дерті»

т/х.
12.00, 17.20 «Қызық екен».
13.00 М/ф.
14.00 «Daryn».
14.50, 2.15 «Тәуелсіздік тәуекелдері».
15.30, 20.40 «Замандастар» т/х.
22.30 «Жат мекен» т/х.
23.30 «Жарқын жүздесу».
0.30 «Сана».
2.55 «Ауылдастар».

SENBI, 21-tamyz

Евразия

6.00, 3.15 «Әйел сыры...».
6.55 «Той заказ».
7.25, 4.00 «Той базар».
8.25 «Тамаша City».

9.15 «Ең алғашқы...».
10.40 «Ералаш».
10.55 «Фабрика грез».
11.25 Т/с «Взрыв из прошлого».
15.15 Хиты «Русского радио».
17.30 Т/с «Нефритовая черепаха».
19.30 «Кеш жарық, Қазақстан».
20.55 Т/с «Бирюк».
0.35 Х/ф «Терминатор. Восстание машин».
2.30 «П@утіна».

Хабар
6.00 «Кел, шырқайық!».
7.30 «Өзін-өзі тану».
7.40, 23.15 «Әсем әуен».
8.15 «Өз үйім» т/х.
10.00 «Таңғы fresh».
11.00 «Ән әлемі».
11.45 «Алпыстан асып барамын» т/х.
15.15 Т/с «Чужое гнездо».
18.00 «Хит жазамыз».

19.15 «Жұлдызды жекпе-жек».
21.00 «Жеті күн».
22.00 «Хабарлас».
0.00 «Тағы да сүй» т/х.
Qazaqstan
6.05, 3.00 «Қазақ даласының құпиялары» д/ф.
6.25, 2.25 «Ғасырлар үні».
7.10 Aqparat.
7.50 «Сырлы сахна».
8.25 «Беймәлім әлем» д/ф.

9.15 «Қалқанқұлақ» т/х.
10.00, 18.00 «Ғашықтық дерті» т/х.
12.00 «Ән мен әнші».
13.50 М/ф.
15.15 К/ф «Әйгерім».
17.10 «Daryn».
20.00 «Әзіл әлемі».
22.30 «Жат мекен» т/х.
23.30 К/ф «Трансформерлер. Кек алу».
2.00 «Ауылдастар».

JEKSENBI, 22-tamyz

Евразия

6.00, 3.00 «Әйел сыры...».
6.45, 3.45 «Той базар».
7.45 «Тамаша City».
8.45 «Воскресные беседы»..

9.00 Т/с «Бирюк».
13.00 «Три аккорда».
15.25 Х/ф «Наваждение».
17.30 Т/с «Нефритовая черепаха».
19.30 «Кеш жарық, Қазақстан!».
20.55 Т/с «Опекун».
0.40 «Кто хочет стать миллионером». 2.10 «П@утіна».
Хабар
6.00 «Кел, шырқайық!».
7.30 «Самопознание».

7.40 «Әсем әуен».
8.15 «Өз үйім» т/х.
10.30 «Хронограф 2021».
11.00 «Жұлдызды жекпе-жек».
12.45 «Қарлығаш ұя салғанда» т/х.
15.00 Т/с «Чужое гнездо».
16.45 «Ән әлемі».
17.30 «Хит жазамыз».
19.00 «Aitystar».
21.00 «Жеті күн».
22.00 Х/ф «В поисках мамы».

23.45 «Тағы да сүй» т/х.
1.25 «ProSport».
Qazaqstan
6.05 «Қазақ даласының құпиялары» д/ф. 6.35 «Tolaga».
7.35, 1.55 «Күміс көмей».
8.25 «Беймәлім әлем» д/ф.
9.15 «Қалқанқұлақ» т/х.
10.00, 18.00 «Ғашықтық дерті» т/х.
12.00 «Әзіл әлемі» т/х.

13.00 М/ф.
14.15 К/ф «Көкжалдар».
15.55 «Ән мен әнші» концерті.
17.10 «Daryn».
20.00 «Жүзден жүйрік».
20.50 «Көңілді тапқырлар әлемі».
22.30 «Жат мекен» т/х.
23.20 К/ф «Трансформерлер. Соңғы рыцарь».
2.40 «Сырлы сахна».
3.05 «Ауылдастар».



«ШЕТ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ»

Коммуналдық Мемлекеттік Мекемесі
2021 -2022 оқу жылына
ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ

Юстиция органдарында 2013 жылдың 20 мамыр айынан 9704000141 нөмірмен тіркелген

Директоры: Оразханов Рысбек Борқыбайұлы;

Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Жапақов к., 14;

Байланыс телефоны: (8 71031) 21 3 06;

Жобалық көлемі: 210 білім алушы орны.

Колледжге түсуші студенттерге келесідей жеңілдіктер қарастырылған:

1. Үлгерімі «үздік» студенттерге 25055 теңге, үлгерімі «жақсы» студенттерге ай сайын 21787 теңге көлемінде стипендия төленеді

2. Жылына 1 рет 11112 теңге көлемінде жолақысын өтейді

3. Студенттерге тегін ыстық тамақ беріледі.

4. Сырттан келген студенттерге жатақханадан тегін орын беріледі.

Оқуға қабылдауға қажетті құжаттар:

- Өтініш;

- Білім алғаны туралы құжат (Аттестат немесе куәлік);

- 086-У және 063 медициналық анықтамалар;

- Фотосурет 3x4 - 6 дана;

- Туу туралы куәлігі/жеке басы куәлігінің көшірмесі;

- ЖСН көшірмесі

Құжаттар маусым айының 24 жұлдызынан тамыз айының 25 жұлдызына дейін қабылданады.

Қабылдайтын орны: Басты корпус, 1-ші қабат, кәсіби бағдар беру дерісханасы.

Байланыс телефондары: (871031) 21-3-06

87786287395, 87782843150, 87787403799



МАМАНДЫҚТАРДЫҢ ТІЗІМІ

№	Мамандық-тың коды	Мамандығы	Біліктілік коды	Біліктілігі	Оқу мерзімі
1	1504000	Фермер шаруашылығы (бейіндері бойынша)	150406 2	Ауыл шаруашылық өндірісіндегі тракторшы-машинист	1 жыл 10 ай
2	1114000	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	111404 2	Электр газымен дәнекерлеуші	2 жыл 10 ай
3	1201000	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	150410 2	Көлікті жөндеу шебері	2 жыл 10 ай
4	1513000	Ветеринария	151301 3	Ветеринарлық техник	3 жыл 10 ай
5	130401 2	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	130401 2	Сандық ақпараттарды қайта өңдеу маманы	2 жыл 10 ай
6	1114000	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	111404 2	Электр газымен дәнекерлеуші	10 ай
7	1201000	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	150410 2	Көлікті жөндеу шебері	10 ай

Иманы кемел ел мықты

ЖАСЫРЫН ТЕРРОРЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕР ҚАЙДА АЛЫП БАРАДЫ?

Экстремизм мен терроризм тақырыбы Қазақстан үшін ғана емес, әлемдік деңгейдегі ең өзекті тақырыптардың бірі. Әсіресе, бұл соңғы жылдары әлемнің түпкір-түпкірінде болып жатқан түрлі террористік оқиғалар мен экстремистік топтардың белсенділігін кейін жаһандық проблемаға айналды.

Сирия мен Ирак жеріндегі «Ислам халифатын» құрмақшы болған діни - саяси құрылымдардың жеңіліс тауып, өз мақсаттарына жете алмай басқа амал мен айла іздегіріп немесе террордың басқа да формаларына көшкені бүгіндері белгілі. Солардың біріне Таяу Шығыстағы «ДАИШ» және де тағы да басқа террористік ұйымдар өздерінің «әлемдік жиһад» идеяларын басқа локацияларға көшіруі жатады. Мәселен, Ауғанстан жері мен Орта Азия, Вазаристан, Африка елдеріндегі бүгіндері террорлық белсенділікті ерекше атап көрсетуге болады. Сонымен қатар Еуропаның кей мемлекеттеріндегі жасырын террористік ұйымдардың өлсін-өлсін белсенділік танытуы мен террорлық актілер ұйымдастыруға деген талпыныстарынан бұл құбылысты байқауға болады.

Батыс Еуропаның кей жерлерінде ұйымдастырылған экстремистік оқиғаларға жауап ретінде Еуроодақ мемлекеттері Ирак пен Сирия, бүгіндегі Африка елдерінің аумағындағы қарулы жиһадистерге қарсы соққы бергеннен кейін, көрі құрлықтың мұсылман көпшілігі өмір сүретін мемлекеттерінде террористік қауіп қайта өсіп отыр.

Олардың «Ислам Халифатын» құру идеялары күйреуге ұшырап, сол себепті әртүрлі жерлердегі «топтық» жасырын желілер құруда.

Бұл жасырын террорлық ұйымдардың басым көпшілігі Еуропада тұрақталған. Еуро полицияның (Еуропол) мәліметтері бойынша, 30 мыңнан астам адам жасырын террористік ұйымдардың тізінде бар. Еурополдың басшысы Роб Уайнрайт: «Соңғы жылдары көрі құрлықта жасырын ұйымдардың қызметтері өте белсенді деңгейде. Соған байланысты Еуропаны террористік қауіп-қатердің жаңа толқыны күтіп тұрғандай», - деді.

Үйден шыққан террорист
Терроризм мен көтерілістерді зерттеу институты (Terrorism and Insurgency Center, JTIC) сарапшыларының зерттеу қорытындылары бойынша, 2017- 2018

жылдары аралығында қарулы қақтығыстар болып жатқан Сирия мен Ирак аймағынан «оралған - террористердің» дүмпуі болады деп күтілгенмен, оралғандардың саны төмен. Алайда, келіп жатқандар бар және олар өте мықты әскери дайындықтан өткен. Жарылғыш заттар мен қару-жарақтың түр-түрін меңгерген, бомбалармен жасақталған автокөліктер мен қатар пилотсыз ұшықшы аппараттарды басқаруды да біледі. Ал негізгі қауіп-қатер «үй жағдайында дайындалған террористерден» болып отыр, яғни ғаламтор желісі арқылы арнайы нұсқаулармен террорлық іс-әрекеттерге баратын адамдар тобы. Олардың көбісі өздерін «таза мұсылманбыз» деп санайды, еуропалық паспорттары бар, екінші немесе үшінші толқындағы эмигранттардың ұрпақтары. Радикалдануының себебі: әлеуметтік жағдайларының төмендігі мен қанды оқиғалардың құрбаны болған жақындарына деген сезімдерден пайда болған. Бельгиялық «Эгмонт корольдік халықаралық қатынастарды зертеу» орталығының 2018-жылдың наурыз айында шығарған баяндамасына қарайтын болсақ, 2017 жылы Батыс Еуропада болған 16 теракт пен 30-дан астам алды алынған террорлық актілердің барлығы осы «үй жағдайында дайындалғандардың» көмегімен ұйымдастырылған.

Еуропалық стратегиялық барлау және қауіпсіздік орталығының негізін қалаушы және бас директоры Клод Моникен: «Еуропадағы ДАИШ ұйымдастырған ең алғашқы терактіден бастап екі негізгі бағытты көреміз», - дейді. 2015-жылғы Париждегі, Сен-Денидегі теракт, 2016-жылғы Брюссельдің аэропортындағы теракттердің барлығы шет елдік содырлардың, яғни Сирия жерлерінде арнайы дайындықтан өткен азаматтардың ұйымдастырғаны болса, ал Барселонадағы фургон, Ницца қаласындағы бульдозермен, Лондон мен Копенгагендегі шабуылдар Еуропаның азаматтарымен іске асырылған болатын. Бұл өте маңызды жағдай, себебі, Сирия мен Ирактағы содырлар қайтуға қатты құлқылары жоқ, алайда бізге қиындық тудырып отырған «үй жағдайында» ғаламтор арқылы нұсқаулар алып отырған потенциалды террористер.

Ешқандай қаржы керек емес
«Үйден шыққан» террористердің арасында белең алған тағы бір құбылыстар-

дың бірі - оларға ешқандай да қаржы мен қарудың керек еместігі. Яғни, жарылғыш заттардың, қару-жарақтың орнына жәй ғана үлкен габаритті автокөліктердің өзі ғана жеткілікті. Мұндай теракттерді ұйымдастыру үшін, тек қана ғаламторды пайдалану арқылы радикалды діни материалдарды оқып, соған сеніп қалсаңыз болды.

Бүгінгі ақпараттық технология дамыған және жаһанданған әлемде осындай террорлық актілерді ұйымдастыруға қаражат көп кетірудің қажеті жоқ. Мұны қорғаныс саласындағы арнайы зерттеулер жүргізетін Норвегияның зерттеу институты (Norwegian Defence Research Establishment, FFI) өз зерттеулерінің қорытындысында көз жеткізіп отыр. Батыс Еуропадағы соңғы жылдардағы террорлық оқиғаларға себепкер болған азаматтардың барлығы дерлік зұлым іс-әрекеттерін өз табыстарына немесе жинаған қаржыларына ұйымдастырған. Бұл террористердің тоқсан пайызы жақсы табыс әкелетін жұмыстармен қамтамасыз етілген болып шықты, тек қана 25 пайызы ғана сырттан қаржыландырылған. Сарапшы мамандардың пікірінше, өзін-өзі қаржыландыратын осындай «жасырын топтардың» барлығы сырттан келетін қаржыға тәуелсіз. Болған теракттердің 75 пайызында 10 мың АҚШ доллары ғана болса, әрине бұл қомақты қаржы емес. Болашақта мұндай арзан террорлық шабуылдар және өз тапқан қаражатына ұйымдастырылған террорлық актілерді бақылауға немесе дер уақытында анықтауға қиын болатыны сөзсіз.

Соңғы төрт жылда Қазақстанда экстремистік және террористік қылмыстардың саны айтарлықтай азайды дегуге болады. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Қазақстан халықаралық терроризмге қарсы күрестің белсенді қатысушысы атанды. Алайда, бұл дегеніміз жоғарыда айтылып кеткен өз қаражатына жүргізілетін террористік актілер мәселесіне жайбарақат қарау керек деген сөз емес. Мемлекеттік деңгейде әлемдік проблемаға айналған террористік ұйымдарға қарсы адамдардың иммунитетін қалыптастырып, бақылауда ұстауы қоғамның қауіпсіздігі үшін қажетті фактор. Себебі, бұл жұмыстың негізіндегі ең басты құндылық - адам өмірі мен оның еркіндігі жатыр.

Ауданның ішкі саясат бөлімі.

Еске алу

Ақадыр кентінің тұрғыны болған, аяулы жар, асыл ана, ағайын туысқа бауырмал **Төкіш келіні Айгүл РАХМАН-ҚҰЛҚЫЗЫНЫҢ** бақилық болғанына 40 күн толады.

Жатқан жері жарық, топырағы мамық болсын деп еске алып, рухына дұға бағыштаймыз.

Ғұмыр тамшы жапыраққа ілінген, Уақыт келсе, амал барма жазуына Алланың, Кенеттен кеп, дерт сені бізден ұрлады, Бейнең қалды жалғандағы күніңнен.



Еске алушылар: Канафиндер әулеті.

Тамыз айының 21-і күні Ақадыр кенті, Жамбыл көшесі, 6 үйде (өз шаңырағында) сағат 12.00-ден бастап қырық күндік асы беріледі.

Еске алу

Өтіп жатқан өмір-ай. Ақсу-Аюлы ауылының тумасы, Астана қаласының тұрғыны болған жарына адал жар, екі балапанына қамқор әке, жүректен кетпейтін жарқын жүзді бауырымыз **ТИЫШТЫБЕКОВ Тілеуғабыл Төлегенұлының** фәни жалғаннан бақилыққа аттанғанына да 40 күн толды.

Тілеуғабылдың елде жоқ елгезек, жанда жоқ биязы болмысымен өз ортасына сыйлы, балаларына қамқоршы болып жүргенде кенеттен жарық жұлдыздай ерте сөнгені өзегімізді өртеп, есеңгіретіп кетті. Тағдырдың салғаны, Алланың жазғаны деп өзімізге өзіміз қанша басу айтып, қанша жұбатқанымызбен бауырымыздың ауыр қазасына еңсеміз езіліп, есімізді өлі күнге дейін жия алар емеспіз. Қабырғамызды қайыстырып кеткен қайғыны, соңынан ерген балапандарына қарап, бауырымыздың артынан дұға бағыштағаннан басқа бізде не дәрмен. Алпадан Тілеуғабылдың жатқан жері жайлы, рухын пейіштің төрінде шалқыта гөр деп тілейміз.

Бақ жұлдызың ерте сөнді көңіңде, Қимайтын жан едің сен өлімге. Жатқан жерің жайлы болсын торқалы, Орның болсын пейіштің нақ төрінде.

Басымызға түскен сәтте қиын сын, Көздің жасы қалай шыдап тыйылсын. Топырағың торқа болсын жан бауыр, Ол жұмақтан жайлы орын бұйырсын.

Еске алушылар: жұбайы - **Гүлнар, бауырлары, балалары - Шынар-Заңғар, Нұрбол, немересі - Ибрагим және туған-туысқандары.**

Марқұмның 40 күндік асы 13-ші тамыз күні сағат 11.00-ден бастап ауыл тұрғындарына, 14-ші тамыз күні сағат 11.00-ден бастап сырттан келетіндерге інісі Тиыштыбеков Ынтымақтың үйінен беріледі.



Көңіл айту

Аудан әкімдігі, аудандық мәслихат, "Нұр Отан" партиясы Шет аудандық филиалы, аудандық ардагерлер ұйымы аудандық мәслихаттың депутаты Сағадиев Жанат Ермеқұлына анасы

Нұрғайша Әбжанқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Көңіл айту

Шет аудандық мәслихатының аппараты Сағадиев Жаңбырбай Ермеқұлына аяулы анасы

Нұрғайша Әбжанқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Көңіл айту

Аудандық "Шет шұғыласы" және "Шет өңірі" газеттерінің ұжымы аудандық мәслихаттың депутаты Сағадиев Жанат Ермеқұлына анасы

Нұрғайша Әбжанқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

28.02.2021 жылы қайтыс болған Татарғалиев Шалатайдың атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17 үй, тел: 87017511686.

10.08.2020 жылы қайтыс болған Сарбасов Торехан Жилкибаевичтің атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Г.Сұлтановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақадыр кенті, Абай даңғылы, 31 үй, телефон: 8701748 11 27.

Открыто наследственное дело после смерти Дворниковой Тамары Ивановны, умершей 11.12.2020 г. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Туткабековой З. по адресу: Карагандинская область, Шетский район, пос. Агадыр, ул. Тауелсиз Казахстан, дом 9, кв. 14, телефон: 8 71033 27515.

Открыто наследственное дело после смерти Мокрушина Борис Алексеевича, умершего 02.11.2020 г. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Мухановой Б. Ж. по адресу: Карагандинская область, Шетский район, с. Ақсу-Аюлы, ул. Кулейменова, дом 17, тел: 87017511686.

Открыто наследственное дело после смерти Шынкеева Тулеукула Кенғановича, умершего 14.06.2020 г. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Туткабековой З. по адресу: Карагандинская область, Шетский район, пос. Агадыр, ул. Тауелсиз Казахстан, дом 9, кв. 14, телефон: 8 71033 27515

Таным


ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ ӘУЛИЕГЕ КЕСЕНЕ ҚАЛАЙ ТҮРҒЫЗЫЛДЫ?

Әулиелердің әулиесі Әзірет Сұлтан хикметінен қанаттанған Әмір Темір майдан дала-сында еш жеңілісті білмейтін. Күндердің күнінде Әмір Темір ел билеуші болып, жорыққа шыға бастаған кезінде Қожа Ахмет Ясауи түсінде аян беріп: «Сен менің басыма ғимарат тұрғыз, менің әруағым сені демеп жүреді», - депті.

Сонда Әмір Темір: «Мен Сізді қайдан табамын?» - дегенде, «Жолды мен өзім көрсетемін», - деген екен.

Сонымен тәуекелге бел байлап, Әмір Темір Қожа Ахметті іздеп шығыпты. Ұзақ жүріп Түркістан шаһарына келгенде, түсінде аян беріп, жатқан жерін айтады. Таңертең ерте барып қараса, шынында кішкене ғана мазарат тұрады. Құран оқып ертесіне істі бастапты. Өрқашан түсінде аян беріп отыратын ұлы бабаның басына әлемде теңдессіз кесене тұрғызу жатса-тұрса ойынан кетпейтін. Жарты әлемді билеген өміршіге кесене деген не тәйірі, жер-жерден ұсталар, бәдізшілер, шеберлер іріктеліп алдырылады. Қызу тірлік басталып та кетеді. Кешке дейін қабырғаның біраз бөлігі қаланып қойылған. Таңертең барса, бұзылып жатқан құрылыс орнын көреді. Басына қарауыл қояды. Олар да таң алдында ұйықтап кетіп, кімнің бұзғанын білмей қала

береді. Үшінші күні өзі аңдымаққа бекінеді. Таң алдында ұйқы қысады, ұйқыға бой алдыратын бол-ған соң қолын қанжармен тіліп жіберіп, ұйықтамау үшін тұз сеуіп қояды.



Тұздың уығы қойсын ба ұйқы шайдай ашылады. Сонымен бір кезде қараса үлкен өгіз келіп, қаланған дуалды майқандап жатыр екен. Не істерін білмеген Әмір Темір ойлансып қалады. Түсінде Қожа Ахмет тағы да аян беріп, былай депті: «Ол көк өгіз - Арыс-танбабтың әруағы, саған қапаланып бұзып жатыр. Ол - менің ұстазым, сен оның әруағын аттап өтпін, сол үшін алдымен оның басына ғимарат тұрғыз. Содан соң маған қайта келерсің», - депті.

Сонымен ерте тұрып, Отырарға бет алады. Кешке сонда жетіп, ұйықтап жатқанда, түсінде аян беріп, жатқан жерін көрсетеді. Таң ата, ерте басына барып, Құран оқып, құрылысты салуға кіріседі. Басталған құрылыс ойдағыдай сәтті аяқталған соң, демалып жатқанда тағы аян беріп:

«Міне, енді бәрі де дұрыс болды, енді келіп менің басыма ғимараттыңды салдыра бер», - дейді. Сонымен Әмір Түркістанға қайтып келіп, Қожа Ахмет мешіт-кесенесін салуды бастаған екен.

(Әзірет Сұлтан) мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі жинақтаған «100 аңыз» кітабынан.

БЕСІК ЖАЙЛЫ Аңыз

Бесік деген баяғыда Айыр-қалпақ Айдаһар бидің заманында пайда болған. Ол кезде ұлан-байтақ даланы Мизам баб қор-ғайды екен. Қара қытайлар Сарыарқаның кеңдігіне қызығып, жиі шабуыл жасап отырады. Бірақ Мизам бабақа шамалары жетпей, жеңіліп қалады. Мизам баб ағаш егуді, бау-бақшаны көсіп еткен. Содан оны жұрт «ағаштың пірі-Мизам баб» деп кеткен. Жетісу мен Алтай өңіріндегі ну орман Мизам бабтың екен ағаштары» деседі. Ол 150 жыл жасап, қайтыс болғанда, қытайлар келіп, орманын өртейді. Алыста жүрген Мизам баптың баласы Айдаһар би сол кезде түс көреді. Өкесі аян беріп: «Пейілі тар жау орманыңды өртеді» - дейді. Айдаһар би келсе, орман түгелімен өртеніп кетіпті. Тек бірлі-жарым тобылғының қысық бұтақтары ғана аман қалыпты. Айдаһар би өкесіне құран бағыштап, қысық ағаштарды өзімен бірге алып кетеді. Бір күні Айдаһардың баласы уанбай, жылай береді. Емші-тәуіптерден де ештеңе шықпайды. Өкесі қызының жылағанына шыдай алмай, далаға шығып кетіп, Құдайдан медет сұрайды. Бір уақытта жылаған баланың дауысы шықпай қалады. Жүгіріп үйге кірсе, қызының қасында ақ киімді кісі жанбай қалған тобылғының бұтағына бөпені салып, тербетіп отыр екен. Жақындағанда көзден ғайып болады. Би мұны «Құдайдан келген ишарат» деп қабылдайды. Түнімен қысық ағаштарды қиыстырып, бесік

жасап шығарыпты. Сөбиін соған салғанда, жұбанып, төтті ұйқының құшағына кетеді екен.

Бесік ең алғаш тобылғыдан жасалғандықтан, ол қасиетті ағаштардың біріне айналады. Одан бесік, қамшы, ыдыс-аяқтар жасалатын болған. Тобылғы бесікте тербелген сөби «арыстандай топ жарады, жолбарыстай жол тосады» деп ырымдайды.

Менің балам осы ма?
Басында бақыт құсы ма?
Ғайып ерен қырық шілтен



Бөбегімнің досы ма?
Әлди, әлди, әлди-ай.

Лә илөһә иллалла,
Иллаллада пайда бар.
Мұхамбеттің үмбеті
Осындай бала қайда бар?
Әлди, әлди, әлди-ай.

Балам менің Жүсіптей
Болар ма екен келбетті?
Ажарың айдай толсын деп,
Иллалалап тербеттім.
Әлди, әлди, әлди-ай.

Ер Дәуіттей қайратты
Ұста болар ма екенсің?
Дос-жаранға айбатты

Нұсқа болар ма екенсің?
Әлди, әлди, әлди-ай.

Тақ Сүлеймен нәбидей
Патша болар ма екенсің?
Халқың үшін қамданып,
Атқа қонар ма екенсің?
Әлди, әлди, әлди-ай.

Қазығұртқа кеп тоқтаған
Нұхтай болар ма екенсің?
Отбасыма орнаған
Құттай болар ма екенсің?
Әлди, әлди, әлди-ай.

Ымыранның ұлы Мұсадай
Досы болғын Құдайдың.
Қызыр ерсін қасына,
Төңірден соны сұраймын.
Әлди, әлди, әлди-ай.

Ғайсадай нұр бітімің
Салих болар ма екенсің?
Хақтың жолын таныған
Ариф болар ма екенсің?
Әлди, әлди, әлди-ай.

Әзіреті Мұхамбет
Сәруары болған ғаламның.
Рахматының тамшысы
Нұрынан сен жаралдың.
Әлди, әлди, әлди-ай.

Төрт шадияр - достарың,
Жадыға тоқы, құлыным.
Нұрланып иман - бостаның.
Жүзіңнен тамсын шырының.
Әлди, әлди, әлди-ай.

Ғайып ерен қырық шілтен,
Тоқсан тоғыз мың машайық.
Сексен сегіз серулер,
Әлдилетіп қосайық.
Әлди, әлди, әлди-ай.

Әлди, бөпем, құт бөпем,
Бұл сөзімді ұқ, бөпем.
Лә илөһә иллала
Көкейіне тұт, бөпем.
Әлди, әлди, әлди-ай...



Байқау

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ТОП ЖАРДЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

Жуырда Қарағанды қаласында Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерей тойы қарсаңында және мәдениет күніне орай облыстық байқау-конкурс болып өтті.

«Қарағанды облысының үздік ауылдық мәдениет үйі» және «Үздік ауылдық клуб үйі» номинациялары бойынша өткен II облыстық байқау конкурсына Шет аудандық мәдени - сауық орталығына қарасты Көктіңкөлі ауылдық мәдениет үйі мен Кеншоқы


нысандары мен әдістерін іздеу және енгізу саласындағы бастамашылық пен креативтілікті қолдау, мәдениет қызметкерлері кәсібінің беделін арттыру және ауылдық мәдениет үйлері мен клубтардың оң имиджін қалыптастыру, халықтың көркемөнерпаздары мен мәдени бос уақыттарын дамытуға қолайлы жағдайлар



жасау мақсатында ұйымдастырылған.

Осы байқау - конкурста Көктіңкөлі мәдениет үйі «Үздік мәдениет үйі» номинациясы бойынша үшінші дәрежелі дипломмен және қаржылай сыйлыққа, Кеншоқы клуб үйі «Үздік ауылдық клуб үйі» номинациясына қатысып екінші дәрежелі дипломмен және қаржылай сыйлыққа ие болды.

Өз тілшімізден.



БЭМ - бұл биоэнергетикалық массажер алам бойындағы биоэнергетикалық белсенді нүктелер мен меридиандарды ашып, адам ағзасындағы қан айналу системасын қалпына келтіре отырып, қанның қоюлануына, қан қысымының жоғарылауына, инсульт, инфаркт, кант диабеті, онкологиялық ісіктеріне жол бермеуге бағытталған алдыңғы қатарлы, жоғарғы технологиялық аппарат.

Бұл аппараттың көмегімен алған 45 минуттық массаж, 1-1,5 сағаттық 10 рет қолмен жасаған массаж және туйна, гуаша, отпен, инемен, банка қою (комплекті) алмастырады. Сонымен қатар, адам ағзасындағы қан айналу, лимфа, ішек құрылысы системаларының қызметін токсин мен шлактардан тазартып, созылмалы бауыр, бүйрек, жүрек, химия терапия алған онкологиялық науқастардың қалпына келуіне орасан көмегі зор.

Мекен-жайы: Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 73. Телефон: 8 71031 21272 немесе 8 7082351902, 8 7789249192 (Шолпан)

Жұмыс тәртібі: жұмыс күндері кешкі сағат 18.00-ден 22.00-ге дейін, сенбі, жексенбі күндері таңертеңгі сағат 10.00-ден кешкі сағат 22.00-ге дейін.

Ауыл шаруашылық техникаларына және жүк таситын көліктерге бөлшектер сатамыз.

Жеткізіп беру бар.

Тел. номері 87764863739

Ватсап номері 87075255608